



## ТАБИҒАТТЫ АЯЛАУ – ПАРЫЗЫМЫЗ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» республикалық экология акциясы аясында ұйымдастырылған жалпықалалық сенбілікке қатысып, елордадағы «Ұлытау» аллеясында ағаш отырғызды.

Президентпен бірге сенбілікке волонтерлер, «Ассамблея жастары» ұйымының өкілдері, еліміздің ғылым, креативті индустрия, мәдениет, спорт салаларындағы белсенді жастар және алдағы

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысушылар, Президенттік жастар кадр резервінің мүшелері атсалысып, жөке ағашының 430 түп көшетін екті.

(Соңы 2-бетте)

## «БІЗ БІРГЕМІЗ!»

### ТЕЛЕМАРАФОНЫ ӨТЕДІ

Елімізде алғаш рет 10 республикалық телеарнаның тікелей эфирінде «Біз біргеміз!» телемарафоны ұйымдастырылады.

Телемарафонның басты кейіпкерлері – елімізде болған су тасқыны кезінде батылдық танытып, өз өмірі мен денсаулығын қауіп-қатерге тіге отырып, қызметі мен азаматтық борышын абыроймен атқарған қазақстандықтар. «Qazaqstan», «Хабар», «Jibek Joly», «Еуразия», «КТК», «31 арна», «Atameken Business», «Astana TV», «7 арна» және «Almaty

TV» телеарналарында 5 сағат тікелей эфирде тасқын басқан аумақты көзбен көріп, табиғи апаттан зардап шеккен тұрғындардың жан тебіренер оқиғалары айтылады. Ресми орган өкілдері апат салдарын жою бойынша мемлекет қабылдап жатқан шаралар туралы есеп береді. Эфир уақыты: 30 сәуір күні 17:00-ден 22:00-ге дейін.



Коллаж: Елтай Нұрғазин

# ТАТУЛЫҚ ПЕН ТҰТАСТЫҚ

## Құрметті Астана қаласының тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын! Мамырдың алғашқы күні – түрлі ұлттар мен ұлыстар бір шаңырақ астында өмір сүріп, еңбек ететін көпұлтты еліміздің достығы мен бейбітшілігінің символы. Көпұлтты ел болу – біздің байлығымыз, бірлігіміз – басты күшіміз. Жұдырықтай жұмылып, ортақ мақсатқа ұмылғанда ғана даму мен игілікке жету жолында кез келген қиындықты еңсереміз. Біздің өзара қолдауымыз бен татулығымыз қоғамдағы барлық сала дамуының сенімді іргетасы болмақ. Баршаңызға шын жүректен татулық, бақ-береке, бастамаларыңыздың сәтті орындалуын тілеймін! Әрбір күндеріңіз қуанышқа, жетістіктерге және жаңа мүмкіндіктерге толы болсын!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,  
Астана қаласының әкімі



МЕРЕКЕЛІК  
ІС-ШАРАЛАР

16



## ТАБИҒАТТЫ АЯЛАУ – ПАРЫЗЫМЫЗ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаев жастармен әңгімелесу барысында қоғамда экология мәдениетін қалыптастыру, табиғатты аялау маңызды екенін атап өтті.

«Шын мәнінде, елімізді көгалдандыру, абаттандыру – үлкен мемлекеттік маңызы бар іс. Бұл бүгін шығып, ертең ұмытып кететін бірреттік науқан емес. Аталған жұмыс тұрақты түрде жүргізіледі. Туған жерімізді таза ұстауымыз керек. Бұл – жалпыұлттық мәселе. Қазақстанымыз таза болуы қажет. Лас елге қонақ ретінде, инвестор ретінде ешкім келмейді. Бірақ, ең алдымен, Қазақстанның таза, көрікті болғаны біз үшін, яғни халық үшін керек. Бұл күнделікті өмір салтына айналуы қажет. Сондай-ақ бұл жұмыс елорда және ірі қалаларда ғана емес, шағын қалаларда, аудандар мен ауылдарда да ұдайы ұйымдастырылады. Бүкіл Қазақстанды таза ұстау өзімізге, жастарға байланысты. Мен жастарға сенемін. Сон-

дықтан жастарға зор үмітпен қараймын» деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент заң мен тәртіп үстемдігі бәріне қатысты екенін айтып, вандализммен батыл түрде күресу қажет екеніне назар аударды.

«Біз өз елімізді мақтан тұтуға тиіспіз. Мейлі ол көше, аула немесе үйлердің кіреберісі болсын, бәріне ұқыпты қарауымыз қажет. Вандалдармен табанды түрде күресу керек. Сондай-ақ олардың заң жүзінде қатаң жазаланатынын айттым. Әр нәрсенің шегі бар. Әйтпесе бәрін бүлдіріп алып, кейіннен кешірім сұрайды. Елімізде тәртіп болуы керек. Заңды сақтау қажет» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы Ботаникалық бақты аралап, жалпықалалық сенбілікке қатысып жатқан тұрғындарға, елорданың коммуналдық шаруашылық мекемелерінің қызметкерлеріне ризашылығын білдірді.

Сенбілік барысында Президентке Астана қаласын

абаттандыру және көгалдандыру жоспары таныстырылды. Қала әкімі Жеңіс Қасымбектің айтуынша, биыл 1,1 миллион жасыл желек, соның ішінде қала аумағында 35 мың, елорданың жасыл белдеуі аймағында 200 мың түп көшет отырғызу жоспарланған. Сонымен қатар қаладағы 170 қоғамдық орынды, оның ішінде Есіл өзенінің бойын, Ақбұлақ жағалауын, сондай-ақ Триатлон парк, Бейбітшілік және келісім сарайы, ЭКСПО маңын абаттандыру жұмыстары жалғасады.

Астана әкімі былтыр елорданы көгалдандыру жарғысы қабылданғанын атап өтіп, аталған құжатқа сәйкес егілген жасыл желекті 3 жылға дейін күтіп-баптау міндеті жүктелетінін және үлкен ағаштар мен көпжылдық өсімдіктер отырғызуға басымдық берілетінін жеткізді.

Бұдан бөлек, Президентке «Мыңжылдықтар аллеясын» дамыту жоспары және Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына дайындық барысы жөнінде баяндалды.

## СЕНАТОРЛАР СЕНБІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ

Сенат депутаттары мен Палата аппаратының қызметкерлері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен өтіп жатқан «Таза Қазақстан» республикалық экология акциясына қатысты. Соның аясында ұйымдастырылған жалпықалалық сенбілікте 100-ге жуық терек, қарағай және қайың көшеттері отырғызылды.

Экология акциясы әл-Фараби даңғылының бойында өтті. Аумақты тазалау және көгалдандыру жұмысына сенаторлар мен аппарат қызметкерлерінен бөлек, Палата жанындағы жас сарапшылар клубының мүшелері, жалпы елорданың тазалығына талдау мектебінің түлектері, Қазақстан бочча федерациясының өкілдері және еріктілер қатысты.

Жалпы елорданың тазалығына бейжай қарамайтын 120-дан астам белсенді азамат жиналды.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқы ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты жыл сайынғы сессиясында сөйлеген сөзінде «Таза Қазақстан» жалпы-

ұлттық науқанының маңызына тоқталған еді. Ел Президенті қоршаған ортаның жай-күйі ортақ жауапкершілік екенін естен шығармау керекін айтты. Сондықтан қоғамда экология мәдениетін қалыптастырып, табиғатты аялау қағидасын дәріптеу айрықша мәнге ие.

«Менің бастамамен елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық науқаны өтіп жатыр. Мұндай шаралар су тасқыны болған аймақтарда да ұйымдастырылады. Бұл ешқандай да бірреттік іс-шара емес екенін ескертемін. Барлық өңірде аумақтарды көгалдандыруға және тазалауға көп

көңіл бөлу керек. Әркім ортақ іске үлес қосса, еліміз көркейе түседі. Біз қалалар мен ауылдарды абаттандыруымыз қажет. Әрбір үй, аула, тұрғын үй кешені, саябақ және басқа да нысандар әкімдердің де, жұртшылықтың да назарынан тыс қалмауға тиіс. Саламатты әрі жайлы орта қалыптастырамыз десек, азаматтар барынша белсенділік танытуы керек. Бұл – жалпы азаматтық мәдениетіміздің деңгейін, керек десеңіз, ұлтымыздың келбетін көрсетеді. Қоғам мүлкіне залал келтіретін адамдарды заңмен жауапқа тартамыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## 350 ТҮП АҒАШ ОТЫРҒЫЗДЫ

Мәжіліс депутаттары мен Палата аппаратының қызметкерлері «Таза Қазақстан» акциясына қатысты. Жалпықалалық сенбілікте олар 350 түп ағаш отырғызды.

Мәжіліс депутаттары мен аппарат қызметкерлері Астанадағы «Әзірет Сұлтан» мешітінің аумағын көгалдандыруға атсалысты. Жалпықалалық сен-

білік барысында депутаттар шырша, қарағай, емен және қайың көшеттерін отырғызды. Сенбілік Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза

Қазақстан» бастамасы аясында ұйымдастырылып, еліміздің барлық өңірін қамтыды. Ал Астанада «Жасыл аймақ» деген атаумен өтуде.



## ҮКІМЕТ АППАРАТЫНЫҢ ҮЛЕСІ

Қазақстан Үкіметі аппаратының басшылығы мен қызметкерлері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ұйымдастырылған «Таза Қазақстан» республикалық экология акциясы аясында өткен қалалық сенбілікке қатысты.

Премьер-министр Олжас Бектенов бастаған Үкімет аппаратының қызметкерлері «ЕХРО» аумағында 150-ге жуық көшет отырғызды, оның

ішінде емен, қайың, шырша, сағызқарағай және басқа да ағаш түрлері бар. Экология акциясының 3 аптасында 4,6 мыңнан астам тонна қоқыс

шығарылды. Астанада 50 мыңнан астам ағаш отырғызылды. Биыл елордада барлығы 1,1 млн-ға жуық жасыл желек отырғызу жоспарда бар.

## ҚАҒАРМАНДАРДЫҢ ЕСІМІН ҰЛЫҚТАЙТЫН ҚАДАМ

Мемлекет басшысы Парламент депутаттарының бастамасымен әзірленген «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік наградалар туралы заңына өзгерістер енгізу туралы» заңға қол қойды. Бұл – Ұлттық құрылтайда көтерілген бастамаларды жүзеге асыру аясында қабылданған үшінші заң. Бұдан бұрын вейптерге тыйым салу және әйелдер мен балалардың құқығын қорғау мәселесіне қатысты заңға қол қойылды.

Енгізілген түзетулерге сәйкес, «Айбын» орденінің дәрежелеріне аты аңызға айналған батырларымыз – Сағадат Нұрмағамбетовтің, Бауыржан Момышұлының және Рақымжан Қошқарбаевтың есімін беру көзделген.

Мемлекеттік наградаларды атақты тұлғалардың атымен атау тәжірибесі көптеген елде бар. Мұндай қадам халық

қаһармандарының есімін ұлықтауға, жалпыұлттық бірлікті нығайтуға және отаншылдық сезімді оятуға зор үлес қосады.

Атырауда өткен Ұлттық құрылтай отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Айбын» орденінің дәрежелеріне ұлт батырларының есімін беруді ұсынды. Сондай-ақ Президент Талдықорғандағы әскери

авиабазаға екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Сергей Луганскийдің есімін беру туралы мәселе көтерді. Бұл бастамалар – келесі жылы 80 жылдығы атап өтілетін ортақ жеңіске өлшеусіз үлес қосқан соғыс және еңбек ардагерлеріне жасалған шексіз құрметтің белгісі.

Ерлан ҚАРИН,  
ҚР Мемлекеттік кеңесшісі





## АСТАНА 1,1 МЛН ЖАСЫЛ ЖЕЛЕКПЕН КӨМКЕРІЛЕДІ

Елордада «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» атты ауқымды экология акциясы өтіп жатыр. Өткен сенбі күні экоакцияға Мемлекет басшысы қатысып, «Ұлытау» аллеясына ағаш отырғызды. Бұл туралы Астана әкімі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.

«Ұлытау» аллеясы тартымды әрі тұрғындар жиі серуендейтін орындардың біріне айналды. Ол Салтанат қақпасынан Ботаникалық баққа дейінгі аралықты байланыстырады. Аллея – ең жасыл орындардың бірі, мұнда 430 жеке көшеті отырғызылған. Аумақты абаттандыру жұмысы жүріп жатыр. Мемлекет басшысы

экология мәдениетін қалыптастырудың және табиғатқа ұқыппен қараудың маңызын атап өтті. Биыл біз 1,1 млн жасыл желек отырғызуды, 170 аула мен қоғамдық кеңістікті абаттандыруды жоспарлап отырмыз. Өткен жылы елорданы көгалдандыру жарғысы қабылданды, онда 3 жыл ішінде отырғызылған

көшеттерге кепілдік міндеттемелері, сондай-ақ ірі ағаштар мен көпжылдық өсімдіктер отырғызуға басымдық беру мәселесі көзделген. Қаланың барлық ауданында абаттандыру және көгалдандыру жұмысы жүргізіледі» деп жазды қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында.

## ҚЫРУАР ҚАРЖЫ АЛАДЫ, АЛАЙДА ӨНІМІ ЖОҚ

Мәжілісте «Жаңа өнеркәсіптік саясат – өңдеу өнеркәсібін дамытудың сапалы жаңа моделі» тақырыбында Үкімет сағаты өтті. Жиында Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев депутаттарға бәсекеге қабілетті, өнімділігі жоғары және экспортқа бағдарланған өңдеу өнеркәсібін құруға бағытталған индустрияландыру саясатын кезең-кезеңімен іске асыру туралы ақпарат берді.

Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы Нұртай Сабильянов бюджет қаражатын пайдалану институтына («Қазиндастри»), Өнеркәсіпті дамыту қоры, Қазақстанның даму банкі, «Қазтрейд», «Қазақэкспорт», «Даму», «Қазақстан Инвестмент») жобалардың тиімділігі, саны және бөлінген қаражат, бюджетке төленген салықтар, жобаларды іске асырудың шарттары мен мерзімдері, шығарылған өнімнің көлемі мен тауарлардың түрлері, жаңадан ашылған жұмыс орындарының саны жайында ақпарат беру туралы сауал жолдаған еді. Берілген жауаптар талдау

мен тиімділіктің төмен екенін көрсетіп отыр» деді депутат.

Нұртай Сабильянов жеке компанияларға тоқталып, мәселен «Даму» қоры шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің банктерден алатын несиелері бағытында соңғы 3 жылда 1 трлн 461 млрд теңге, оның ішінде жеңілдетілген несиелеуге – 328,4 млрд, кепілдендіруге – 559,5 млрд, субсидиялауға 573,6 млрд теңге аударғанын мәлім етті. Ал министрлік «QazIndustry» қаржыландырылған жобалардың тиімділігі бойынша ақпарат бермеген. Тек 305 жобаны қаржыландыруға 1 трлн 713 млрд теңге жұмсалғанын көрсеткен. Салықтар, жобаларды пайдалануға беру мерзімі, шығарылған өнім көлемі, құрылған жұмыс орындарының саны бойынша ақпарат көрсетілмеген. Сондай-ақ, алынған деректерге сәйкес, 2021, 2022, 2023 жылдары 5 даму институты құны 7 трлн теңгені құрайтын (2021 ж. – 2,9 трлн, 2022 ж. – 1,4 трлн, 2023 ж. – 2,6 трлн), оның ішінде республикалық бюджеттен 1,5 трлн теңгеден

асатын (2021 ж. – 520 млрд, 2022 ж. – 720 млрд, 2023 ж. – 506 млрд) 1573 жоба жүзеге асқанын көрсеткен.

Депутат жасалған талдау бюджет қаражатының қомақты бөлігіне көбіне ірі компаниялар («Масло-Дел» ЖШС, «Казцинк» ЖШС, «Қазфосфат» ЖШС, «АгромашХолдинг» АҚ, «KamaTyresKZ» ЖШС, «KamlitKZ» ЖШС, «HyundaiTrans Kazakhstan» ЖШС, «Баян сұлу» АҚ, «Asia Trafo» ЖШС) ие болатын үрдісті айқын көрсеткенін айтады. Олар бұл миллиардтаған қаражатқа өз өндірісін кеңейткен, орта есеппен санағанда 10-180 ғана жаңа жұмыс орындарын ашқан.

«Бұған қоса, бұл компаниялардың басым бөлігі бірнеше жыл ішінде мемлекеттік қолдауды бірден бірнеше даму институтынан алып жатыр. Мысалы, «KamlitKZ» ЖШС (коммерциялық техникаға арналған автокомпоненттер өндірісі) соңғы 3 жылда тек «Өнеркәсіпті дамыту қорынан» 141,5 млрд теңге алған. Алайда шығарған өнім көлемі туралы ақпарат жоқ» деді ол.

### Қымбатты астаналықтар мен қала қонақтары!

Баршаңызды 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Қазақстан халқының бірлігі мерекесі ынтымағымызды нығайтуға, түрлі этнос өкілдері арасындағы диалогты ашық етуге, елде тұратын халықтардың мәдени көпұлтты диалогының жетістіктерін көрсетуге арналған. Еліміздің негізгі жетістіктері Қазақстанның біртұтас халқын құрайтын барлық этникалық топтар өкілдерінің

бірлігі, достығының арқасында ғана мүмкін болды. Сондықтан осы баға жетпес байлығымызды сақтап, бірлігіміздің нығая түсуіне бәріміз атсалысайық. Әр шаңыраққа шаттық пен бақ-береке тілеймін! Отанымыздың аспаны әрдайым ашық, жеріміз бейбітшілік мекені болғай!

**Ерлан КАНАЛИМОВ,**  
Астана қаласы  
мәслихатының төрағасы



### Қымбатты астаналықтар мен қала қонақтары!

Қаламыздың барша тұрғындарын 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесімен елорда ардагерлері атынан шын жүректен құттықтаймын!

Халық бірлігі мерекесі күні ел азаматтары ұлт пен ұлыстың өткен кезеңдегі тарихы мен оның сабақтарын дәріптеп, әлемдік қауымдастық тарапынан жоғары бағаланған қазақстандық татулық пен келісімді паш етеді.

Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық – біздің ең маңызды байлығымыз. Бұл жетістікті бағалау, оны сақтау жолында аянбай еңбек ету – әрбір

Қазақстан азаматының міндеті.

Туған Отанымыз – Қазақстанды гүлдендіріп, тұрақтылық пен бейбітшілік мекеніне айналдыру үшін баршаңызға зор денсаулық, таусылмас күш-қуат, мол бақыт, еңбегіңізге жеміс, шаңырағыңызға шаттық, құт-береке тілеймін!

Бір шаңырақ астындағы халқымыздың ынтымағы нығая түсіп, еліміздегі ұлтаралық татулық әрдайым берік болып, достық және бірлік мәңгілік жасай берсін!

**Сансызбай ЕСІЛОВ,**  
қалалық Ардагерлер  
кеңесінің төрағасы



## 40 МЛРД ТЕҢГЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Астана қаласында Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен заңсыз иемденген активтерді мемлекетке қайтару жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті.

Комиссия жалпы көлемі 40 млрд теңгеден астам сомаға заңсыз иемденген активтерді мемлекетке ерікті түрде қайтару жөніндегі келісімдерді мақұлдады, оның 38 млрд теңгеден астамы – ақшалай қаражат, сондай-ақ Астанадағы құны 2 млрд теңге тұратын бизнес-орталық. Қайтарылған қаражат әлеуметтік мақсаттарға, оның ішінде су тасқыны салдарын

жоюға бағытталады. Бұған қоса, 7 млрд теңге сомасына инвестициялық келісімдерге қол қою мақұлданды, оның аясында «Заңсыз иемденген активтерді мемлекетке қайтару туралы» ҚР заңы қолданылатын тұлғалар Астана және Шымкент қалаларында екі инфрақұрылым нысанын салады. Аталған жобаларды іске асыру жұмыс орындарын

құруға мүмкіндік береді және қосымша салық түсімін қамтамасыз етеді.

«Активтерді қайтару жұмыстары – бұл Мемлекет басшысының әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру жөніндегі саясатының тікелей іске асуы. Барлық қайтарылған қаражат Қазақстан халқының игілігіне жұмсалды» деп атап өтті Олжас Бектенов.

## АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2024 жылғы 6 мамыр сағат 11:00-де Астана қаласы мәслихаты сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

**Сессияның қарауына келесі сұрақтар енгізіледі:**

- «Астана қаласында ақпараттық-бағдарламалық фотобейнетірке және бейнеталдау кешенін құру және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі №171/21-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
- «Астана қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 24 қарашадағы №104/15-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
- Астана қаласы бойынша қалалық және қала маңы қатынастарында жолаушылар мен жүкті автомобильмен тұрақты тасы-

малдау тарифтерінің кейбір мәселелерін келісу туралы.

4. «Астана қаласының аумағында бөлшек салықтың мөлшерін төмендету туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 30 маусымдағы №50/5-VIII шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

5. «Астана қаласының 2024-2026 жылдарға арналған бюджеті туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы №113/15-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

6. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.

Анықтама үшін телефондар: 55-66-36.

**Е.КАНАЛИМОВ,**  
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

№51-52 (4640) 30/04/2024 Сейсенбі

## МЕРЕЙЛІ БЕЛЕСКЕ АРНАЛДЫ

Елордада мәслихаттардың 30 жылдығына арналған алғаш рет «Senat Open» шахмат турнирі өтті. Кубокты өткізуге Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев бастама көтеріп, арнайы ережеге қол қойған болатын. Интеллектуалды ойында бақ сынаушылар қатарында Парламент және мәслихаттардың әр кездегі шақырылымдарының депутаттары, елордалық қоғамдық кеңес және Ардагерлер кеңесінің мүшелері, блогерлер, БАҚ өкілдері, қоғам белсенділері болды.



Райхан  
РАХМЕТОВА

Астананың ең мықты шахматшылары қатарына ену үшін 106 адам бақ сынасты. Сенаттың қолдауымен Астана қалалық мәслихаты, Қазақстан шахмат федерациясы бірлесіп өткізген турнирдің ашылуында қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов, мәслихат депутаты әрі қалалық шахмат федерациясының президенті, өзі де осы ойынға қатысқан Абзал Сағымбаев және республикалық шахмат федерациясының вице-президенті Дәрмен Сәдуақасов сөз сөйлеп, шахмат қоғамдастығының жетістіктері мен жоспары туралы баяндады. Жарыстың басты мақсаты – халқымыздың интеллектуалды әлеуетін көтеру, саяси тұлғалар мен қоғам

белсенділері, депутаттар, БАҚ өкілдері арасында шахмат өнерін кеңінен насихаттау, жергілікті билік органдарының шахмат ойынына деген ынталық қыласын оятып, белсенділігін арттыру.

– Республикалық деңгейде бірінші рет өткізіліп жатқан «Сенат кубогы» жақсы бастама деп ойлаймын. Турнирде Астана қаласынан VIII шақырылым бойынша 170-тен астам депутат бар. Бүгін соның 15-і осы додаға қатысып жатыр. Шахмат – жай ойын емес, әр жүрісі ойлануды қажет ететін, стратегияға негізделген интеллектуалды ойын түрі. Бүгінгі турнирде шын мықтылар жеңіске жетсін, – деді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов.

Турнир соңында жеңімпаздар 5 аталым

бойынша, яғни әйелдер арасында үздік нәтиже көрсеткені үшін, 60 жастан асқандар арасындағы үздік ойыншы, БАҚ өкілдері арасында үздік нәтиже көрсеткені үшін, үздік қоғамдық белсенді, депутаттар арасында үздік нәтиже көрсеткені үшін деген номинациялар бойынша марапатталды. Жалпы 9 турдың қорытындысында барлығы 25 ойыншы үздік деп танылып, жартылай финалға қатысуға жолдама алды. Д.Сәдуақасов жеңімпаздарға медальдарын, дипломдар мен шахмат тақтасын табыстады. 19 мамырда аяқталатын іріктеу турнирлері бүкіл ел бойынша өтуде. Жартылай финал 7 маусымнан 9 тамызға дейін, ал финал 29 тамызда Астанада өтеді. Республика бойынша 17 өңір және 3 мегаполистен қатысатын 3 мыңдай шахматшы арасынан үздіктер іріктеліп, солардың ішінен абсо-

лютті жеңімпаз анықталады.

Елорда шахматшылары арасында аты жақсы таныс, белгілі шахматшы, 42 жыл мектепте математикадан сабақ берген 86 жастағы ақсақал Сабыр Абдығалиұлы да – осы турнирдің белсенді қатысушысы.

– Туған жерім Қорғалжын ауылында алғаш рет шахматты 9-сыныпта көріп, ойнауды досым үйреткен. Содан бастап ол өмірлік серігіме айналды. Көптеген қалалық, республикалық, халықаралық жарыстарда жеңімпаз болдым. Мектептегі ұстаздық қызметімнен бөлек, 20 жыл балаларды шахматқа баулып, кәсіби жаттықтырушы ретінде қызмет еттім. Зейнеткерлер арасында 5 рет чемпион атандым. Шахматтан 3-4 халықаралық шеберлерін дайындағаным – басты жетістігім. Қазір солардың екеуі осы турнирге қатысуда. Шетелге кеткен шәкірттерім де бар. Бос уақытым болса ермегім осы – шахмат. Шахмат – бұл тек спорт қана емес, шахматта ғылымның элементтері бар, сонымен қатар эстетикалық өнер деуге келеді. Сондай-ақ адамның аналитикалық қа-

билеттерін де дамытады. Адамға құдай өзі ақыл береді, шахмат сол ақылды тәртіпке салатын ойын, себебі оның өзіндік ережелері миды жаттықтырады, – дейді шахматшы ақсақал.

Қазақстанда шахматты дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру бағытында жұмыстар жүргізілуде. Астанада әлем чемпионы атағы сарапқа салынған жарыс пен Азия чемпионатының өткізілуі – соның бір нәтижесі. Жаттықтырушылардың біліктілігін арттыру, ұлттық құрама спортшыларын даярлау үшін кәсіби мамандарды шахматқа баулып, оқыту форматтарын жетілдіру, шахмат клубтарын ашуға мән беріледі. Елімізде шахматты дәріптеу ісіне мемлекет тарапынан қолдау жоғары. Сенат тарапынан шахматты одан әрі дамытуға және Қазақстан шахмат федерациясының қызметін жетілдіруге қолдау көрсетіледі. Қазіргі таңда елімізде 200 мыңнан астам адам шахматпен айналысады. Жеті өңірде аталған ойынды үйрету үшін қанатқатты жоба қолға алынған. Бұл бастама 42 мектеп пен 1000 оқушыны қамтып отыр.



## ДЕПУТАТТАР ҚОЛЫНА КҮРЕК АЛДЫ

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Астанада жалпықалалық сенбілік өтуде. Елордадағы Ботаникалық бақта мәслихаттың ағымдағы және өткен шақырылым депутаттарының қолымен отырғызылған жаңа ағаштар пайда болды, деп хабарлады Elorda.info.



тары бас қосып, ауқымды сенбілікке қатысып жатырмыз. Соңғы 30 жылда Астана өзгеріп, қазір көріп отырғанымыздай керемет қалаға айналды, – деді 2002-2003 жылдардағы Астана қаласы мәслихатының хатшысы Вера Лукьянец.

Айта кетейік, сенбілік Астана қаласы мәслихатының 30 жылдығына орайластырып өткізілді.

Бүгін атаулы күні сенбілікке жиналып, ағаш көшеттерін отырғыз-

дық. Елордада біз туралы жақсы естеліктер қалғанын қалаймыз. Астана – біздің туған қаламыз, әрбір тұрғын қаланың жасыл желекке толы болуына атсалысу керек, – деп бөлісті елорда мәслихатының VII және VIII шақырылымдарының депутаты Асқар Смағұлов. Естеріңізге сала кетейік, ауқымды экологиялық науқан аясында қаланы, нөсер жолдарын, арық кәріз желілерін санитарлық тазалау жұмыстары атқарылды. Сонымен қатар көшелерді, жаяу жүргіншілер жолдарын, орамшілік аумақтарды, қоғамдық орындарды ретке келтіру жүргізілуде.

«Жасыл аймақ» жобасының аясында ағымдағы аптада көшеттер отырғызу, ағаштардың түбін тазалап әкту, т.б. жұмыстар атқарылуда.

Бүгін ел бойынша жалпықалалық сенбілік өтіп жатыр. «Жасыл аймақтың» үшінші апталығы ағаш отырғызу мен әктуге арналды. Биыл елордада 1 миллион 100 мың жасыл желектің отырғызылатынына куаныштымын. Оның 900 мыңы қала ішінде

қалған 200 мың жасыл белдеуде егіледі, – деді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов.

Бүгінгі сенбілікке бұрынғы шақырылымдағы мәслихат депутаттары болған азаматтар да қатысты.

Астана мәслихатының 30 жылдығына арналған тамаша шараға қатысқанымна қуаныштымын. Бұл күні біздер, барлық шақырылымдардың депутат-



Юсуп КЕЛИГОВ, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, қазіргі уақытта «Астана орманы» ЖШС дамыту жөніндегі басқарушы директоры болып жұмыс істейді. Кезінде елордалықтардың қолдауының арқасында қалалық мәслихаттың үш шақырылымының депутаты болды. ҚХА кеңесі мүшесі, Қазақстан Республикасындағы «Вайнах» шешен және ингуштар қауымдастығының тең төрағасы.

## МАНДАТ – ҮЛКЕН МӘРТЕБЕ



– Мен бақытты адаммын. Менің айналамда әрқашан жақсы адамдар болды. Жора-жолдастарымыздың, достарымыз бен әріптестеріміздің – коммуналдық қызметкерлер мен құрылысшылардың арқасында елордасы – Астанамызды дамытуда көптеген жетістіктерге қол жеткіздік. Сол үшін мен оларға шексіз ризамын.

Елорда көшірілгенде мен қалалық комитет жетекшілерінің бірі болдым. Қалалық мәслихаттың үш шақырылымының депутаты ретінде атқарылған жұмыстардың ауқымы үлкен болды. Бұл, бір жағынан, қиын да күрделі уақыт болды, бірақ біз тырыстық. Қазіргі күнде сол депутат болған кезеңімді ыстық ықыласпен есіме алып жүремін. Депутат мандаты дегенді өз басым үлкен жауапкершілік ері мәртебе деп түсінемін.

Сондай-ақ қаладағы коммуналдық қызметтегі, барлық бөлімшелердегі әріптестеріме алғысым шексіз, өйткені өзара көмек, қолдау, сыйластық қарым-қатынас, ынтымақ бірлесіп шешілетін күнделікті мәселелерді шешуге көмектесті.

Қалалық комитетте ол кезде 2500-дей адам жұмыс істеді. Бұл үлкен бастама болды. Біз көптеген мәселелермен айналыстық: абаттандыру, көгалдандыру, жарықтандыру. Әр бөлім ұлғайған сайын жұмыс көлемі де арта түсті. Әрине, бәрі қарапайым және оңай болған жоқ. Бірақ бұл – біздің өткен жолымыз, алған белестеріміз. Тарихымыз ретінде оны мақтанып еске аламыз.

Мегаполисте көптеген маңызды нысандар бар, олардың барлығы мен үшін қымбат. Бірақ ең көрнектісі – Астананың айналасында орналасқан жасанды оазис елорданың жасыл белдеуі қала тұрғындары мен қонақтары үшін тамаша демалыс орны.

Табиғатты қорғау, орман байлығын арттыру ел болашағын ойлаған адам үшін аса

маңызды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл мәселеге баса назар аударуы бекер емес. Қазақстанның Шанхай ынтымақтастық ұйымына төрағалығы аясында 2024 жылғы Экология жылы болып жарияланды. Игі бастаманы бәріміз қолдаймыз. Өткен сенбіде Астана қаласы мәслихатының барлық шақырылымдарының депутаттары «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына қатысты. Ботаникалық бақта елордалық өкілді органның 30 жылдығына арналған аллея төселді. Бұл шараға жастардың қосылғаны қуантады. Біз олардың қаламызды таза, жайлы және өмір сүруге жайлы етуге деген ұмтылысына ризамыз. Жалпы 3 апта ішінде экологиялық науқанға 179 мыңнан астам адам қатысып, 4,6 мың тоннаға жуық қоқыс шығарылды. 50 900 ағаш отырғызылды. Акцияның келесі аптадағы, барлық бөлімшелердегі әріптестеріме алғысым шексіз, өйткені өзара көмек, қолдау, сыйластық қарым-қатынас, ынтымақ бірлесіп шешілетін күнделікті мәселелерді шешуге көмектесті.

Қалалық комитетте ол кезде 2500-дей адам жұмыс істеді. Бұл үлкен бастама болды. Біз көптеген мәселелермен айналыстық: абаттандыру, көгалдандыру, жарықтандыру. Әр бөлім ұлғайған сайын жұмыс көлемі де арта түсті. Әрине, бәрі қарапайым және оңай болған жоқ. Бірақ бұл – біздің өткен жолымыз, алған белестеріміз. Тарихымыз ретінде оны мақтанып еске аламыз.

Мегаполисте көптеген маңызды нысандар бар, олардың барлығы мен үшін қымбат. Бірақ ең көрнектісі – Астананың айналасында орналасқан жасанды оазис елорданың жасыл белдеуі қала тұрғындары мен қонақтары үшін тамаша демалыс орны.

Табиғатты қорғау, орман байлығын арттыру ел болашағын ойлаған адам үшін аса маңызды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл мәселеге баса назар аударуы бекер емес. Қазақстанның Шанхай ынтымақтастық ұйымына төрағалығы аясында 2024 жылғы Экология жылы болып жарияланды. Игі бастаманы бәріміз қолдаймыз. Өткен сенбіде Астана қаласы мәслихатының барлық шақырылымдарының депутаттары «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына қатысты. Ботаникалық бақта елордалық өкілді органның 30 жылдығына арналған аллея төселді. Бұл шараға жастардың қосылғаны қуантады. Біз олардың қаламызды таза, жайлы және өмір сүруге жайлы етуге деген ұмтылысына ризамыз. Жалпы 3 апта ішінде экологиялық науқанға 179 мыңнан астам адам қатысып, 4,6 мың тоннаға жуық қоқыс шығарылды. 50 900 ағаш отырғызылды. Акцияның келесі аптадағы, барлық бөлімшелердегі әріптестеріме алғысым шексіз, өйткені өзара көмек, қолдау, сыйластық қарым-қатынас, ынтымақ бірлесіп шешілетін күнделікті мәселелерді шешуге көмектесті.

**А**стана қаласы әкімдігі Ішкі саясат басқармасы бастығының орынбасары Ләззат Құсайынова Бірлік күні мерекесінің жыл сайын жаңаша сипат алатынына тоқталды.

«Еліміздегі маңызы зор мерекелердің бірі – Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында бас қосып отырмыз. Бұл мереке өз бастауын сонау 1996 жылдан алады. Жақында Қазақстан халқы ассамблеясының 33-сессиясы өтіп, сол жиында ҚХА төрағасы сессияның күн тәртібіндегі «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» тақырыбында тәуелсіз Қазақстанның стратегиялық бағытын көрсететінін қадап айтты. Президент сол жиында қай кезде де бірлік пен ынтымақ еліміздің саяси бағдарының басты құндылығы болып қалатынын мәлімдеді» деді Л.Құсайынова.

Одан кейін сөз тізгінін алған «Қазақстандағы орыс, славян, казак ұйымдарының қауымдастығы» ЗТБ төрағасы, ҚХА мүшесі Владимир Божко ел бірлігінің негізгі қағидаттарының бірі – елдің этникалық және мәдени алуандығының сақталуы аса маңызды екеніне тоқталды.

«Қазақстан халқы ассамблеясы 2025 жылы өзінің 30 жылдығын атап өтеді. Келер жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығын тойлаймыз. ҚХА-ның 33-сессиясында Президент осы айтулы датаны лайықты деңгейде атап өтуге іс-шаралар жоспарын жасау үшін ел Үкіметіне тапсырма берді. Сол кезде ҚХА-ның қоғамдағы орны мен қызметі, атқаратын рөлі, соның ішінде халқымыздың бірлігін нығайту бағытындағы жұмыстардың нәтижесі ашық айтылуы тиіс. Сондай-ақ бұл баяндамада мемлекеттілігімізді нығайтудағы, этносаралық келісім мен жалпықоғамдық бірлік саясатын жүзеге асырудағы этномәдени бірлестіктердің жағымды рөлі бірнеше рет айтылды.

Президент берген мұндай баға ҚХА-ның қоғамдағы қызметінің айрықша маңызын көрсетті. Менің ойымша, бұл пікір интернет кеңістікті кезіп жүрген «ассамблея таратылады» деген алыпқашпа әңгімеге нүкте қойып, ҚХА-ның институт ретінде ешқандай маңызы жоқ дегенді жұмсақ төсекте жатып алып жұртқа қайталаудан жалықпайтын теорияшыларға тура жауап болғаны анық» деді ол.



## ТАТУЛЫҚТЫҢ БЕСІГІ

Достық үйінде Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған «Халық бірлігі – адал мемлекеттің негізі» тақырыбында дөңгелек үстел отырысы өтті. Басқосуға қатысқан ҚХА мүшелері, қалалық мәслихат депутаттары, ғалымдар, қоғам қайраткерлері еліміздің өсіп-өркендеуі жолында барлық этникалық топтың бірігуінің маңызын атап айтты.



– Президент өз жұмысында азаматтардың әл-ауқаты мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, су тасқыны салдарын еңсеруге және қазақстандықтардың тыныс-тіршілігінің қажетті жағдайларын қалпына келтіруге мемлекет пен қоғамның барлық күшін жұмылдыруға басымдық береді, – деп атап өтті спикер.

Ассамблеяның XXXIII сессиясында оқылған баяндамада су тасқынынан зардап шеккендерге гуманитарлық көмек көрсету, ауылдарды су басудың алдын алу және азаматтарды құтқаруға қатысты ҚХА-ның барлық филиалының үлкен үлесі аталып өтті.

– Өткен сессияның күн тәртібіне шыққан «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» тақырыбы өте өзекті, Президент айтқандай, біздің стратегиялық бағытымыздың мәні, саясаттағы, экономикадағы, мәдениеттегі, әлеуметтегі өзгерістердің кепілі және мемлекет пен қоғамның басты миссиясы – жасампаздыққа, жаңашылдыққа, шығармашылық ойлауға ұмтылу екенін атап өткен дұрыс. Баяндамада 3-құрылтайда жарияланған, тәуелсіздік пен патриотизм, бірлік пен ынтымақтастық, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіпқойлық, жасампаздық және жаңашылдық бөлімдерін қамтитын доктринаны іске асыру қажеттігі тағы да ерекше атап көрсетілген.

Ассамблея мүшелеріне мемлекеттік органдармен бірге қоғамда Отанға деген сүйіспеншілікті, патриотизмді, әдет-ғұрыптарға, мәдениетке, дәстүрлерге құрметті, шынайы құндылықтарды қалыптастыруға және өзара түсіністік пен келісімді нығайту мұратын ілгерілету міндеті қойылды. Мемлекет басшысы тарихи зардаптар мен реніштерге назар аудармай, болашаққа қарауға шақырды. Бұған дәлел болатын мынадай халық даналығы бар: егер адам үнемі өткенге қарайлай берсе, онда ол өзінің болашағына арқасын тосады. Шынында да, жек көру үшін көп ақыл қажет емес. Жеккөрушілік жеке кемшіліктерден, қызғаныштан және жалқаулықтан туады. Соңғысы өзін қалыпты түрде жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді, әртүрлі себеппен және кез келген жағдайда әлсіздік пен ашуланшақтықты тудырады, өз ортасының немесе қоғамының алдында өзін көрсетуге кедергі келтіреді, – деп жалғастырды спикер.

Жиында сөз сөйлеген Аманат партиясы Астана қалалық филиалы Алматы аудандық бөлімшесінің атқарушы хатшысы Батима Алиярлова халық бірлігін нығайту елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және тұрақтылықты қамтамасыз ететін бірден-бір фактор екенін атап өтті. Ол сондай-ақ Аманат партиясының саяси ұстанымында бейбітшілік, келісім және бірлік біздің мемлекеттің негізі болады деп айқындағанын, партияның сайлауалды бағдарламасының «Біз халықпен біргеміз!» деп аталуы да елдегі берекенің бастауы бірлікте екенін айғақтайтынын айтты. Партияның қалалық филиалы мен астаналық Қазақстан халқы ассамблеясы арасында өте тығыз қарым-қатынас орнағанын, партияның әлеуметтік жобаларына ассамблея ұйымдары белсенді қатысып отырғанын атап өтті.

Дөңгелек үстел жиынында этникааралық жағдайларға мониторинг жүргізу орталығының бас менеджері Жансая Ақанова, Аманат партиясы жанындағы «Жастар рухы» жастар қанатының төрағасы Арсланбек Мағұм, «Бауырлас» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Тәңірберген Бердоңғаров жиынның тақырыбы бойынша өз ойын ортаға салды.

Алина ИМАМБАЕВА,  
Аманғали ҚАЛЖАНОВ

## ДОСТЫҒЫ ЖАРАСҚАН ЕЛ

Астана қаласы әкімдігіне қарасты «Руханият» мекемесінің ұйымдастыруымен Достық үйінде «Достығымыз жарасқан» атты өзге ұлт өкілдерінің арасында мазмұнды байқау өтті.

Қаликбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Елін, жерін сүйетін, салт-дәстүрді сақтап, мемлекеттік тілге құрметпен қарайтын ұлт өкілдерін анықтау, елімізде өмір сүретін өзге ұлт өкілдерінің достығын, бірлігін, мәдениетін және рухани байлығын насихаттай отырып, Қазақстан халқының достық пен бауырмалдыққа тәрбиелеу, білімді болуға, көп тілді меңгеруге шабыттандыру мақсатында өткен бұл байқауға Қазақстан халқы ассамблеясы өкілдері мен қазақ тілін білетін өзге ұлт өкілдері қатысты.

– Бірліктен бекем күш, достықтан биік махаббат жоқ. «Бірлік бар жерде тірлік бар» дегендей, бірлігі жарасқан елдің қоғамы тыныш, заманы берекелі болады. Елімізде жасап жатқан барлық ұлт өкіл-

дері жұдырықтай жұмылып, береке-бірлікті көзінің қарашығындай аялағанда ғана біз берекелі ғұмыр кешеміз. Ұлттар арасындағы достық пен береке – біздің байлығымыз. Бұл байқау да достықты нығайтып, Отанға, елге, мемлекеттік тілге деген құрметті күшейту үшін өткізіліп отыр, – деді Астана қаласы әкімдігі Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы тіл саясатын үйлестіру бөлімінің басшысы Нұрзила Қасқатаева.

Байқау 7 бөлім бойынша өтті. «Таныстыру» бөлімінде үміткерлер ұлттық киімін киіп шығып, өзін қазақ тілінде таныстырса, «Өнерлі өрге жүзер» бөлімінде қатысушылар өз өнерін көрсетті. «Сұрақ-жауап» бөлімінде қатысушылар қазақтың ұлттық салт-дәстүріне қатысты сұрақтарға жауап берді. «Тілек айту, бата беру» бөлімінде үміткерлер мерекеге

орай өз тілегін ортаға салса, «Жағдаят» бөлімінде белгіленген тақырыптар бойынша қазақ тілінде тілдеседі. «Мақал – сөздің мәйегі» бөлігінде қатысушылар мақалдың соңын жалғастырып, мағынасын түсіндіреді. «Ас – адамның арқауы» бөлімінде әр қатысушы өзінің ұлттық тағамын дайындап, оның қазақ ұлттық тағамдарымен қандай ұқсастығы барын айтып, түсіндірді.

– Өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілде сөйлеп, береке мен бірлікті ту еткені мені қатты әсерлендірді. Сондай-ақ бұл байқаудан өзге ұлт этностарының салт-дәстүрі, мәдениеті жөнінде көп нәрсе түсіндім. Басқа ұлттардың мақалдап сөйлегені қандай керемет! – дейді көрермен боп келген Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті Энала Махмұтқызы.

Іс-шара соңында бағалаушылар үздік деп таныған жеңімпаздарға әр номинация бойынша бағалы сыйлықтар табысталды. «Қазақ халқының мемлекет құраушы ұлт ретіндегі рөлін



бекемдеп, этносаралық татулық пен дінаралық түсінушілікті қалыптастыра беруіміз қажет. Біздің ұстанымымыз ел бірлігінің әр алуандығында. Еліміздегі этникалық топтардың

тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай жасай береміз. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін» деп

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, бұл байқау мемлекеттік тілдің елдегі барлық этнос өкілдерін ұйыстыратын ұлы күш екенін анық аңғартты.

№51-52 (4640) 30/04/2024 Сейсенбі

ЕСКЕРТКІШ АУМАҒЫН  
АБАТТАНДЫРДЫ

«Жасыл аймақ» апталығы аясындағы сенбілік Байқоңыр ауданындағы Махатма Ганди ескерткіші маңында өтті. Оған алыс-жақын шет елдердің елшілері, қоғам қайраткерлері, Қазақстан халқы ассамблеясының мүшелері қатысып, 350 көшет отырғызды.

– Ағаш отырғызуға және қаланы қоқыстан тазартуға қатысқан белсенді азаматтарды көрдім. Махатма Ганди табиғатымызды қорғауға міндетті екенімізді айтып, аманаттаған. Сондықтан бұл шараны жоғары бағалаймыз, Қазақстан халқы көктемгі іске ерекше маңыз беретініне қуаныштымын, – деді Үндістанның төтенше және өкілетті елшісі Нагендра Прасад.

Экоакцияға Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері де қатысты. Ақын Сәнді Ақылай қалаға таза және әдемі көрініс беру үшін экология акцияларын өткізу маңызды екенін, 4 ағаш, 3 шырша отырғызғанын атады.

«Злата» болгар этномәдени орталығы төрағасының орынбасары Владимир Достов: «Тамаша көңіл күймен және қолайлы ауа райымен «Таза Қазақстан» экоакциясын бастадық. Махатма Гандидің тарихи маңызы зор. Ол бүкіл әлемде адами қасиеттерді сақтаған және табиғат туралы үлкен білімі бар бітімгер ретінде есте қалады» деді.

Ауқымды экоакция аясында қаланы санитарлық тазарту, несер және арық кәріз желілері, көшелерді, тротуарларды, орамшілік аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды тазалау жұмысы жүргізілуде.

ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ  
ҮЛЕС ҚОСТЫ

«Таза Қазақстан» акциясына зиялы қауым өкілдері қатысып, «Атамекен» этномемориалдық кешені маңында көшет отырғызды.

Нұра ауданының ашылуына бір жыл толуымен үндескен іс-шарада Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов, Төлеген Мұхамеджанов, Абай Байгенжин, Надежда Петухова, Мұхтар Төлеутаев шырша көшетін отырғызды.

Жиналған қауым алдында сөз сөйлеген Нұра ауданының әкімі Жүсіп Жұмағұлов:

– Қаладағы бесінші ауданның құрылуы – Астананың дамып, көркейіп келе жатқанының белгісі. Бұл жаңа тараудың басталуына жүздеген ғылымда жүрген ағаларымыздың, дәрігерлердің, құрылысшылардың, саясаткерлердің, мұғалімдердің және өз саласының басқа да мамандарының еңбегі зор болды, – деді.

«Ардагерлер ұйымы» РҚБ

## БАС ҚАЛА – ТАЗАЛЫҚ



орталық кеңесі төрағасының бірінші орынбасары Өмірзақ Озғанбаев бұл іс-шараның болашақ ұрпақ үшін өнегелі іс екенін атап өтті.

«Бір топ ардагер ағаш отырғызып, қаланың сәніне сән қосатын бір қадам жасап жатыр. Мәңгі көгеріп тұратын шырша ағаштары секілді Астанамыз да көктеп, көгере берсін деп тілек айтқым келеді. Нұра ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен біз сияқты алдыңғы толқын аға буынның ағаш отырғы-

зып жатқаны болашақ үшін тәрбиелі, өнегелі іс болады деп санаймын» деді Өмірзақ Озғанбаев.

«Жасыл аймақ» апталығында Нұра ауданында 600-ге тарта түрлі ағаш отырғызылды. Ауқымды абаттандыру жалғасуда.

«ЖАҒАЛАУ» МАҢЫ  
ЖАЙҚАЛАДЫ

Елорданың Нұра ауданында «Жағалау» тұрғын үй кешенінің абаттандыру жобасы танысты-

рылды. «Киелі мекен» апталығы аясында өткен іс-шарада ауқымды сенбілік ұйымдастырылып, тұрғын үй кешені ауласына 100 ағаш отырғызылды.

Сенбілік кезінде Нұра ауданы әкімі Жүсіп Жұмағұлов тұрғындарға орамшілік аумақты күрделі жөндеу жобасы туралы айтып берді. Биыл аудан әкімдігі 18 гектарды құрайтын аумақта абаттандыру жұмысын жүргізбек. Оның аясында «Жағалауға» қарасты барлық 19 тұрғын үй ауласы қамтылады.



Сондай-ақ 150 ағаш, бос жерлерге көпжылдық өсімдіктер мен көшеттер отырғызу, 200 жарықтандыру тірегі орнату жоспарланған.

«Абаттандыру жобасына балалар алаңдарын күрделі жөндеу, тротуар желілерін, тұрақ аймақтарын салу, ағаштармен, көпжылдық өсімдіктермен көгалдандыру және саябақты абаттандыру кіреді. Өзгерістер тек аулаларға ғана емес, Ш.Айтматов пен І.Омаров көшелеріне де әсер етеді» деді Нұра ауданы әкімдігі ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің басшысы Ернар Мырзахан.

Аталған тұрғын үй кешенінің тұрғындары барлығы 120 қап қоқыс жинады. Қоқыс толы қаптар купондарға және спорт

құрал-жабдықтарына айыр-басталды. Одан соң қалалықтар үшін палау, шай және тәттілерден дастарқан жайылды. Сенбілікке қатысқандардың бірі – елордалық зейнеткер Тілеубек Сәмітбаев.

«Жағалау» тұрғын үйі кешенінде 6 жылдай тұрамын. Аула маңы жыл сайын көркейіп келеді. Ауданымыздағы хакім Абайға арналған саябақ ерекше ұнайды. Күнде кешкісін немерелеріммен серуендеп қайтамыз. Бірақ аумақтағы орындық не жарық тіректерін сындырып кететін жағдайлар да кездеседі. Әр тұрғын өз ауласын тазалауға, бұзақылық жасамауға, жасыл желекті күтіп-баптауға атсалысу керек» деді қала тұрғыны.



# ПЕН ТӘРТІП АЙМАҒЫ



## ДІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ДЕ АТСАЛЫСТЫ

Конфессияаралық келісім аллеясына 60 ағаш отырғызылды. Акцияға Астана қаласы діни бірлестіктерінің өкілдері, сондай-ақ Дін істері басқармасының және Діндерді зерттеу

орталығының қызметкерлері қатысты.

«Біз 60 ағаш отырғыздық. Бізбен бірге экоакцияға Астана қаласы діни бірлестіктерінің басшылары қатысады. Мұндай акциялар қаланы таза ұстауға, елорда тұрғындарының экология мәдениетін дамытуға

ықпал ететініне сенімдімін» деп атап өтті Діндерді зерттеу орталығының бөлім басшысы Олег Сияяков.

«Әзірет Сұлтан» мешітінің наиб имамы Закир мұндай экоакциялар шариғатта да бар екенін атап өтті.

«Бәріміз бір Астанада тұрамыз және оның таза әрі әдемі болғанын қалаймыз. Таза өмір сүруге деген ортақ ниетімізді көрсету үшін қалада ұйымдастырылған экология акциясын қолдаймыз. Осындай жақсы іс-шараларды өткізу шариғаттың тазалық пен тәртіп жөніндегі басымдықтарына сәйкес келеді» деді ол.

Сондай-ақ Астана қаласы Успен кафедралды соборының протоиерейі Дмитрий Байдек қала тұрғындарын елорданың өркендеуіне өз үлесін қосуға шақырды.

«Менің ойымша, әркім біздің қаланы абаттандыруға үлес қосуы керек, біз ағаштарды неғұрлым көп отырғызсақ, соғұрлым ол әдемі болады. Сұлулық адамдардың қолымен жасалуы керек» деді ол.

## 900 КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

Сарыарқа ауданының «Жастар-2» скверінде ауқымды ағаш отырғызу ұйымдастырылып, оған қала мәслихатының депутаттары, Сарыарқа ауданы әкімі аппаратының маманда-



арық кәріз желілері, көшелерді, тротуарларды, орамшілік аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды тазалау жұмысы жүргізілуде. Осы аптада аудандағы қоғамдық демалыс орындарында 900-ге жуық көшет отырғызылды, – деді Сарыарқа ауданы әкімінің орынбасары Ержан Жұмағұлов.

## ӘКЕ МЕН БАЛА АҒАШ ЕКТІ

Қалалық Білім басқармасы, Әдістемелік орталық, Әкелер қауымдастығының қолдауымен орталық аллеяда, Әйтеке би, Қорғалжын көшелерінің қиылысында 100 әке баласымен бірге ағаш отырғызды. Мақсат айқын, меже біреу – аумақты көгалдандыруға және абаттандыруға, экология жағдайын жақсартуға үлес қосу, балалар мен ересектерді табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Іс-шара әке мен бала арасын жақындатып, бос уақытты бірлесіп өткізуге, отбасындағы қарым-қатынасты дамытуға ықпал етеді. Акцияға қатысқан балалар әр адам өз қаласын абаттандыруға және табиғатты қорғауға үлес қоса алатынын ұғынды.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ,  
Нұрлат БАЙГЕНЖЕ,  
Индира БЕРЖАНОВА



ры және белсенді тұрғындар, еріктілер қатысты.

Алаңға, қылқан жапырақты және жапырақты ағаштарды қосқанда, 300-ден астам ағаш отырғызылды. Сонымен қатар алдағы күндері аудан бойынша 900-ден астам жасыл желек отырғызу жоспарлануда. Саябақта Моңғолия, Палестина, Ливия және Малайзия елшіліктерінің өкілдері ағаш отырғызуға, аумақты абаттандыруға жиналды.

– Экоакция аясында санитарлық тазарту, нөсер және

## АСТАНАНЫҢ АЖАРЛЫ АУЛАСЫ

Елорда тұрғындары қала тазалығына белсенді атсалысуда. Осы мақсатта шаһарымызда жыл сайын экология акциясы өтіп, игі іс аясында үздік аулалар анықталуда. Биылғы «Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экология айлығы барысында Алматы ауданы бойынша Р.Қошқарбаев даңғылы, 46/1 үйдің ауласы ажарлы деп танылды.

### Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде елорда көшелері тазартылып, аумақтарда көгалдандыру және абаттандыру, сондай-ақ жолдарды ретке келтіру жұмыстары қызу жүріп жатыр. Бұл іске Алматы ауданына қарасты Р.Қошқарбаев даңғылындағы №46/1 үйдің тұрғындары белсене қатысты. 2022 жылдың 7 ақпанынан бері ол үйге «Тұрсын Астана-2» меншік иелері басқармасы қызмет көрсетіп келеді. МИБ жетекшісі Қуаныш Оспановтың іскерлігі мен тұрғындарды тазалық пен

тәртіпке жұмылдыра білуінің нәтижесінде аулада соңғы жылдары көп жұмыс істелді.

– Бұл байқауға біз 2 жыл дайындалдық. Ауламыздың бұрынғы келбеті жұрт қызығарлықтай емес еді. Осы уақыт аралығында едәуір қиын кезеңді бастан өткердік, жертөледе көп жұмыс істеуімізге тура келді. Бүгінде бәрі де артта қалды. Ауламыз жаңарды. Үйдегі барлық жертөледе жылу құрылғылары ауыстырылды. Бірақ біз мұнымен шектелмейміз, алда әлі талай жұмыс атқару ойымызда бар. Былтыр ауламыз бен жертөлеміз жаңарса, биыл аумақты жарықтандыру қолға алынып жатыр. Осы күнге дейін біршама шаруа

тандырылғанмен, алға қойған жоспарларымыз одан да көп. Бұл ретте тұрғындардың ауызбіршілігі барлық мәселенің шешілуіне жол ашты. Осы ретте үйдегі 300 пәтердің әрқайсысына жеке-жеке алғыс айтқым келеді. «Үздік аула» атағын жеңіп алуымызға тұрғындардың әрқайсысы өзінше атсалысты. Біздің жеңісіміз – ортақ еңбектің жемісі, – деді МИБ жетекшісі.

Иә, айтса айтқандай, бұл үйдің тұрғындары ерекше ұйымшыл екен. Ол, әрине, қызмет көрсетуші МИБ жетекшісінің жұмысты ұйымдастыра білуінің арқасы. Олай дейтін себебіміз, бұл үйде әр мереке сайын аулаға қазақтың киіз үйі тігіліп, атаулы



күнді тұрғындармен бірге көңілді әрі есте қаларлықтай етіп атап өту дәстүрге айналған және осы үйдің барлық тұрғыны: кәрісі де, жасы да қалмай, бір кісідей атсалысады. Ұйымшылдықтың арқасында атқарылған іс нәтиже беріп, аула заманауи келбетке ие болды.

Көптің арасынан оза шауып, үздік атану, әрине, оңай емес. Тәжірибелі маман, білікті басшы Қуаныш Владимирович бұл ретте жеңіске жетудің құпиясымен бөлісті.

– Астанада тазалық айлығы

басталғалы бері біздің аула тұрғындары әр сенбі күнін асыға күтеді. Олар айналаның тазалығына үлес қосуды азаматтық борышымыз дейді. Экология айлығы биыл 11 мамырға дейін жалғасады. Бір ай бойы тұрғындар жоғары көңіл күймен, өз еркімен сенбілікке шығып, аумақты сыпырып, ағаштарды әктеп, жан-жақты ретке келтіруде. Маңайымыз тазарып, көктемнің лебі сезіліп жатыр. Жалпы қаламыздың таза болуы мәдениетімізді, адамгершілігімізді көрсетеді

деп ойлаймын. Ал үздік аула қандай болуы керек десеңіз, менің ойымша, үздік аула болу үшін, ең алдымен, тұрғындардың ұйымшылдығы маңызды. Бірлесе атқарылған істе береке болады екен. Біз жан-жаққа тартпай, бір бағытта, тек жақсылыққа жаршы бола жүріп, бастысы, тұрғындар үшін жайлы аула жасауға талпындық. Бәріміздің ойымыз бір жерден шыққандықтан, нәтижеге тез әрі оңай қол жеткіздік. Болашақ ұрпаққа таза ауа, таза қала қалдырсақ дейміз, – деді Қуаныш Оспанов.

Астана қаласындағы Қазақстан халқы ассамблеясы құрамында 5 мың адамнан құралған 23 этно-мәдени бірлестік жұмыс істейді. Ауызбіршілік пен ынтымақтастықтың арқасында барлық этнос өкілдерінің татулығын сақтап отырған ассамблея елімізде жетекші рөл атқарады.



Райхан  
РАХМЕТОВА

## ҚАЛАЛЫҚ АССАМБЛЕЯНЫҢ ҚАРЫМДЫ ҚЫЗМЕТІ

Ассамблея күшімен барлық саланы қамтитын түрлі құрылым ашылған. Атап айтқанда, 56 шығармашылық ұжым, 7 этнолингвистикалық бірлестік, ғылыми-сараптамалық топ, аналар кеңесі, елордадағы «Ассамблея жастары» РҚБ өкілдігі, ақсақалдар кеңесі, «Парасат» қайырымдылық қызметті үйлестіру орталығы, «Аналар аманаты» қолөнер шығармашылығы орталығы, «Мәміле» қазақ тілі пікірталас клубы, медиаорталық, журналистерді біріктіру клубы, дыбыс жазу студиясы, блогерлер клубы, ANK Live, медиация кабинеті қарқынды жұмыс істейді.

Елордалық этномәдени орталықтар қалалық және республикалық деңгейдегі барлық іс-шараға белсене атсалысады. Астанадағы Достық үйін қалалық ассамблеяның бет-бейнесі десе болады. Ол – ресурстық, ақпараттық-әдістемелік, халықаралық және өңіраралық ынтымақтастықтың орталығы. Достық үйі қажетті көрме жабдықтары, аудио-бейне аппаратура, полиграфиялық техникамен толық жабдықталған,

онда конференциялар, дөңгелек үстелдер, кездесулер өткізуге жақсы жағдай жасалған. Тікелей эфирде шығатын ANK Live студиясы республикалық және халықаралық деңгейде іс-шаралар өткізуге мүмкіндік беретін құрал-жабдықтармен жасақталған. Шығармашылық ұжымдар ән жаздырып, музыка әрлеуге арналған дыбыс жазу студиясы ассамблеяға қарасты орталықтар жұмысын жандандырып келеді. Аталған

студияның бір ерекшелігі – қазақ музыкалық шығармаларын түрлі этностың ұлттық аспаптарында ойнау арқылы дүйім елге көрсететін бірегей жобаны жүзеге асыратыны. Атап айтсақ, бұған мысал ретінде Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін, «Әлқисса» мен «Көроғлы» күйлерін өзге ұлттардың аспаптарында ойнап, соны дыбыстық жазбаға түсіру жұмыстарын атауға болады. Одан басқа, Беларусь мәдени

орталығы төрағасының «Радима» әніне, «Шабыт» қазақ ұлттық университеті деканының «Біз – қазақстандықтар» әніне клип түсірілді. Достық үйінің 5 жылдығына орай «Достық үйі» әнінің тұсауы кесіліп, Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «Менің Қазақстаным» әніне бейнебаян дайындалды.

Тәуелсіз Қазақстан мен елордамыздың қалыптасуына үлес қосқан түрлі ұлттың еңбегі ерен

азаматтары туралы «Ассамблея. Тұлға. Тағдыр» атты бейнеролик түсіру жобасы жүзеге асуда. Себебі қатардағы азаматтардың тағдыры арқылы осында отанын тауып, Қазақстан халқының құрамына кірген этностар тарихы жасалады. Осы ретте қалалық ассамблея этностар арасындағы келісім мен толеранттықты нығайтуға бағытталған мазмұнды да тартымды көптеген іс-шараның ұйытқысы болуда.

Ассамблея мұрындық болған ең танымал іс-шаралардың қатарында Қазақстан халықтары достығының қалалық фестивалін, «Жастар жолы» көшпелі жастар лагерін, Алғыс айту күні аясындағы қайырымдылық акцияларын, қасиетті жерлерге саяхаттауды, Ұлттық домбыра күнін тойлауды, «Алтын күн» патриоттық әндердің балалар фестивалін атауға болады.

Халық дипломатиясы тәжірибесін дамыта отырып, Достық үйі үнемі өз алаңында шетелдік делегацияларды қабылдайды. 2022-2024 жылдар аралығында Достық үйінде Ресей, Польша, Германия, Қырғызстан, Әзербайжан, Башқұртстан, Армения елдерінің делегациялар келді. Осылайша Достық үйі кездесу мен пікірсайыс алаңына айналды. Елорда мен қалалық ассамблея өміріндегі маңызды оқиғаның бірі – Сингапур елінің бұрынғы президенті Халима Якоб бастаған делегацияның келуі. Сонда өткен дөңгелек үстел барысында Қазақстан халқы ассамблеясының екі ел халқының гуманитарлық байланысын дамыту, этносаралық қарым-қатынасты үйлестіруде маңызды институт ретіндегі қызметі таныстырылды. Сонымен қатар елордалық Достық үйінде Нұрлан Шакиев төрағалық ететін Қырғызстанның Жогорку Кенеш делегациясы қонақта болды. Ресми кездесу кезінде ассамблея қызметімен танысып, оның жұмысына жақсы баға берді.

2023-2024 жылдары қалада ассамблеяның мұрындық болуымен 282 ірі іс-шара, соның ішінде 18 халықаралық, 20 республикалық, 244 қалалық іс-шара өткен.



## КӘРІС ХОРЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ

Достық үйі жанында ұйымдастырылатын мәдени іс-шаралардың дені кәріс хорының қатысуымен өтеді. 2015 жылы Оңтүстік Кореяның астанасы – Сеул қаласында өткен халықаралық фестивалінен табыспен оралған ұжымға 20 жылға жуық уақыттан бері Ләззат Болатқызы Хамзина жетекшілік етіп келеді. «Чен рю» халық хоры бүгінде қаладағы мамандандырылған балалар үйі, мүгедектер мен егде адамдарға арналған мемлекеттік мекемелерде жыл сайын өнер көрсетуді дәстүрге айналдырды.

Гүлбаршын  
ӨКЕШҚЫЗЫ

Ләззат Хамзина 1962 жылы Қостанай облысына қарасты Жанкеддин ауданының орталығы – Торғай қаласында дүниеге келді. Әкесі Болат Хамзаұлы Қазақ КСР-іне еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Торғай, Қостанай өңіріне белгілі сазгер, дирижёр, домбырашы болса, анасы Күнзипа Төлегенқызы фельдшер, Қазақ КСР-іне еңбек сіңірген медицина қызметкері болатын. Туғаннан естіп-көріп, танығаны ғажайып саз әлемі еді, домбыраның қоңыр күмбірі мен күйсандық үнімен оянып, сол үнмен ұйқыға кететін қыз музыканы өміріне серік етті.

Қазақтың күй өнері, әлемдік классикалық шығармаларды тындап өскен ол ерекше сезімтал, талғампаз болып қалыптасты. Торғай орыс орта мектебін ойдағыдай аяқтаған соң, мамандық таңдағанда көп ойланбастан хор дирижёрі мамандығына тоқтады.

Әлі есінде, әкесі «хор маманы жан-жақты интеллектуал болуы қажет және ол адамның ұйымдастыру қабілетін дамытады» деп отыратын. Мамандық алған соң еңбек жолын Торғайдағы өзі оқыған балалар музыка мектебінен бастады. Онда фортепиано, музыка теориясы, сольфеджио пәндерінен сабақ алып, кейін аудандық Нұрқан Ахметбеков атындағы мәдениет үйі жанындағы хор ұжымына жетекшілік етті. Одан соң «Ғасырлар пернесі» халық ансамблінің мүшесі, кейін сол ансамбльдің көркемдік жетекшісі болды. Оның құрамында Мозамбик, Сирия, Йордания мемлекеттерінде қазақ өнерін өзге елдерге танытты.

– 10 жылға жуық туған жеріме қызмет етіп, облыс орталығы – Арқалық қаласындағы Бақытжан Байқадамов атындағы өнер мектебіне шақырылып, қосымша Торғай облыстық филармониясының

«Торғай әуендері» фольклорлық ансамблінің жетекшісі, Серке Қожамқұлов атындағы облыстық музыкалық театрының хормейстері болдым. Тұрмыс құрған соң Қостанай қаласына қоныс аударды. Жолдасым – кәсіби сазгер, теоретик, оркестр маманы Ерболат Қалиевпен бірге Қостанай қаласындағы мәдени-ағарту училищесінде халық аспаптар бөлімін ашып, сол жерде дәріс оқыдық, – деді Ләззат Болатқызы.

1999 жылы елордаға қоныс аударып, қала мектептерінде балалар хорын ұйымдастырған ол 2003 жылдан бастап Қазақстан кәрістері ассоциациясының шақыруымен «Чен рю» халық хорына жетекші болып тағайындалды. «Чен рю» халық хоры Астанамыздың мерекелік іс-шараларында, үкіметтік концерттерінде өнер көрсетіп келеді. Хор ұжымының репертуарында корей халық әндері, қазақ



халық әндері, қазақ композиторларының хорға арналған шығармалары бар. Өз ісінің шебер музыкант Ләззат Хамзина жетекшілік ететін осы хор ұжымы 2015 жылы Оңтүстік Кореяның астанасы – Сеул қаласында өткен халықаралық фестивалге қатысып, табыспен оралды.

Астана қаласындағы Достық үйі жанында ұйымдастырылатын көптеген мәдени іс-шараға қатысуымен қатар, бұл ұжым елордадағы маман-

дандырылған балалар үйі, мүгедектер мен егде адамдарға арналған мемлекеттік мекемелерде жыл сайын өнер көрсетуді дәстүрге айналдырған.

2016 жылы ол Болат Хамзаұлы атындағы қоғамдық қор ашып, сол қордың құрылтайшысы болды, қор жанынан ашылған «Turan via sound» инклюзиялық музыка терапия орталығында ерекше балаларға ән үйрету, қоғамға бейімдеу жұмысын қоса атқарып келеді. Бұл қоғамдық қор жанында

қазақ балалар әндері антологиясын жинақтап шығаратын «Елдана» орталығының жұмысын да қолға алып отыр.

Жетістіктері де жетерлік. 2013 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің алғыс хатымен, 2021 жылы Қазақстан халқы ассамблеясының алғыс хатымен марапатталды. «Қазақстан халқы ассамблеясына – 25 жыл» мерекелік медалі мен Қазақстан кәрістері ассоциациясы «Құрмет» медалінің иесі.





# ХАЛЫҚ ҮНДЕСТІГІНІҢ ҮЛГІСІ

Астанадағы Президенттік орталықта Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған «Қазақстан: халық үндестігі» көрмесі өтуде. Көптеген ұлттың ортақ шаңырағына айналған Қазақстан бейбітшілік пен келісім арқылы әлемге үлгі болатын даңғыл жолды бастап келеді.

**Айгүл  
УАИС**

Президенттік орталықтың музейлік экспонаттары арқылы тұрақтылықты нығайту, ұлттаралық келісім, мәдениетаралық диалогтың қазақстандық үлгісін жетістіктерін көрсету мақсатында ұйымдастырылған көрмеде ұсынылған бірегей заттар Қазақстан Республикасының түрлі этностарының тарихи қарым-қатынасын, олардың ынтымақтастығы мен мәдени қалыптасуын айқындай түседі.

Мұнда қойылған «Ақниет» панносы қазақ мәдениетіне арналған бөліктің ажарын ашып тұр. Көңілдің ақтығы, риясыз тазалықты білдіретін ақ матаға әр ұлттың өрнегі кестеленген. Бұл – ҚХА орталыққа атаған сыйлығы. Алтын жіппен әдіптелген қазақтың ұлттық киімдері де көрменің сәнін ашып тұр.

Қырғыздардың мәдениетінің символы ретінде Манастың өміріне арналған кәдесыйлардың қатары киізден жасалған қырғыздың ұлттық киімі кементай, шекпенмен толықтырылған.

Беларусь-орыс мәдениетіне тән гүлдермен кестеленген халық рушнігі көрменің көрнекі жеріне қойылған Келушілер түрікмен, өзбек, әзербайжан, беларусь, орыс, корей және басқа халықтардың ұлттық киімі,

ыдыс-аяқ, кілем тарихымен жақынырақ таныса алады. Көрмеде Президенттік орталықтың киімдер, кілем және киіз, жұмсақ инвентарь, кәдесыйлық бұйымдар, ыдыс-аяқ, бейнелеу өнерінің туындылары және материалдық мәдениет заттары топтамаларынан 200-ден астам музейлік құндылықтары ұсынылған.

Соның ішінде өзбектің ұлттық пүліштен тігілген киімін 2018 жылы Өзбекстан Республикасы Ш.Мирзиоев тарту еткен екен. Тәжіктердің ұлттық киімін де орталыққа Тәжікстан Республикасы Президенті Э.Рахмон сыйға тартқан екен. Мұндағы әрбір жәдігер сол ұлттың дәстүрінен хабарлар етеді. Мысалы, түркімендердің ер-азаматының сырт киімі «дон» деп аталады. Жібектен кең пішіліп тігілген шапанның белдігін құшақпен буып қояды. Жібек шапан мен қойдың терісінен жасалған ақ бөрік те – Түркімен Президентінің сыйы. Түрікменстанда кілем тоқу экономиканың маңызды салаларының бірі болып табылады. Көздің жауын алатын дәстүрлі түрікмен кілемі түрікмендердің бұрынғы Президенті С.Ниязовтан 1998 жылы сыйға берілген. Бұл көрме көрші елдердің президенттерінің сыйлығымен ерекшеленеді. Ингуш ұлттық киімін 1999 жылы Ингушетияның басшысы Рустан Ашшевтан келген. Шешенстан Президенті болған Доку Завгаев

сыйлаған күмістен жасалған қару-жарақ та халықтың шеберлігіне көрсетеді. Аджардың ұлттық киімі де – сол елдің басшысының тәбәрігі.

Әзербайжандар қуғын-сүргінге ұшыраған Кавказ халықтары есебінде елімізге 30-жылдардың аяғында қазақ еліне жер аударылды. Одан кейін 1950 жылдары көптеген әзербайжандар тың жерлер мен жаңа индустриалды аймақтарды игеруге келді. 1980-90 жылдары Әзербайжаннан қоныс аударушылардың жаңа толқыны әлеуметтік-экономикалық және этносаяси процестердің әсерінен едәуір күшейе түсті. Көпші-қон процестері Қазақстанның әртүрлі аймақтарында тұратын әзербайжандардың тығыз бірігуіне ықпал етті. Әзербайжандардың

«Тұран» конгресі Қазақстанның әзербайжандарын біріктіреді. Бұл этностың мәдениетінің бір ұштығы осы көрмеге қойылған. Мұндай қойылған «Пазырық» түкті кілемнің тарихы ерекше. Әзербайжанның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі З.А.Гашимовтің 2010 жылы сыйлаған кілемі – біздің дәуірімізге дейінгі VI-III ғасырлардағы Пазырық мәдениетінің қорғанынан табылған әйгілі археологиялық олжаның қалпына келтірілген көшірмесі. Әлемдегі ең көне кілемнің түпнұсқасы Санкт-Петербург қаласындағы Мемлекеттік Эрмитажда сақталған. Тәжіктің жұқа кілемі – сузани деп аталады. Жібек немесе мақта жіппен кестеленген шағын кілемше де көрмеге қойылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясында сөйлеген сөзінде «Ассамблеяны әлеуметтік тұтастық пен отаншылдықты дәрiпттейтiн институт ретiнде нығайту керек» деген болатын. «Ассамблея бірегей азаматтық институт ретінде өзара құрмет пен сенімнің қоғамда орныға түсуіне зор үлес қосып келеді. Біз алдағы мерейлі ассамблея қызметін халыққа түсіндіріп, насихаттауға және азаматтарды ел бірлігін нығайту жөнінде ауқымды жұмысқа жұмылдыруға ұтымды пайдаланамыз» деген ел Президентінің сөзіне орай Астана төрінде өткен көрме осы бірлікті паш етеді.



Тамара ШИРМЕР,  
астаналық  
«Оберег» украиндар  
бірлестігінің  
басшысы:

## ЖАСАМПАЗДЫҚ – БӘРІМІЗГЕ ӨНЕГЕ

– Қазақстан халқы Ассамблеясының алдында қоғам мен билік арасындағы диалогты құру, бүкіл Қазақстан халқының топтасуын, елімізде бейбітшілік пен ұлттаралық келісімді қамтамасыз ету жөніндегі аса маңызды миссия тұр. Ассамблеяның XXXIII сессиясына қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы кең ауқымды мәселелер бойынша өз ұстанымын айтып, бірінші кезектегі міндеттерді атап көрсетті.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі су тасқыны жағдайына өз көзқарасын білдіріп, су апатының зардаптарын жою үшін бюджет шығындарын қысқартуға уәде берді. Оның сөзін келтіре отырып, «елімізде мемлекет қаржысын үнемдеу режимі енгізілетініне» сенімді болуға болады. Шығындардың қысқарғанына Мемлекет басшысының Ассамблеяның ағымдағы сессиясын онлайн форматта өткізу туралы шешімі дәлел. Президент сондай-ақ «су тасқынымен күреске елеулі үлес қосып, нағыз патриоттық танытқан азаматтарға» алғысын білдірді. Патриотизм – әрқайсымыздың бойымызда.

Ал көп жылдардан бері болмаған алапат табиғат апатына қарсы бірлесіп күрескен көп ұлтты қазақ еліне деген мақтаныш сезімі баршамыздың жүрегімізді кернейді. Отанмыздың патриоттарының бір жағадан бас шығарып, бірлескен іс-әрекеті қоғамымыздың бірлігі мен ынтымағын көрсететін жалғыхалықтық ерлік деуге болады. Жиында Аналар кеңестері мен Ақсақалдар кеңестерінің қызметін дамыту арқылы Қазақстан халқы Ассамблеясының ұстанымын «әлеуметтік интеграция мен белсенді патриотизмнің жетекші институты ретінде» нығайту туралы айтты.

Қазақстан Президенті тіл мәселесіне де тоқталып, «осы аса нәзік салада стратегиялық ұстамдылық пен төзімділік таныту» керектігін атап өтті. Сондай-ақ ол мемлекеттік тілдің сайып келгенде, «ұлттаралық қатынас тіліне» айналатынына сенім білдірді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы қызметін атқаратын Қасым-Жомарт Тоқаев Ассамблея сессиясында сөйлеген сөзінде Атырауда өткен Құрылтай отырысында негізгі құндылықтарымыздың тізбесі айқындалғанын айтты.

Осы құндылықтардың ішінде адамдарға жаңа идеялар мен жаңа мүмкіндіктер беретін Жасампаздықты ерекше атап өткім келеді. Бұрынғы және қазіргі көптеген ұлы адамдар ұлы жасампаздар болды және болып қала береді. Көптеген адамдар олардың есімдерін біледі, олардың туындылары бүкіл ұрпақты шабыттандырады. Осындай көрнекті тұлғалардың мұрасы мен қолжазбаларымен шедевр жасау жолындағы көптеген бағыттарды көруге болады. Өмірде де солай. Жасампаздықтың ортақ ісіне құрметке лайық үлес қосу үшін көп күш қажет. Олар атақты адамдар ма, әлде аты жоқ батыр ма, бәрібір, елдің гүлденуі мен табысты болуы әркімнің өзіне байланысты. Сізге тек өз еліңізге және оның тұрғындарына деген тілек пен сүйіспеншілік қажет.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаев «Хикметінде» онсыз өмір сүріп, еңсесі көтеріле алмайтын екі нәрсені айтады. Ол екі мінезі қайсы десең, әуелі – ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көші-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара халық өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы мен топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халықта оны сынамақ, бірден бірге жүргізбек болмайды екен. Расында, мемлекетте бұқараны басқара алатын басшы болса және халқымен бірге болса, онда ортақ мақсаттарға қол жеткізе алады. Бізде биік мінберінен ауызбіршілікті, жасампаздық пен ілгерілеушілікті жақтайтын, сол арқылы халықтың игілігі үшін қамқорлық жасайтын басшымыз бар. Халқымыз ел бірлігін, бейбітшілік пен келісімді сақтауға және нығайтуға бар күш-жігерін салып, оны қолдап, биік сана, толеранттылық, отансүйгіштік, түсіністіктің үлгісін танытады деп сенемін.



**Акбаржон ИСМАЙЛОВ,**  
тәжік этномәдени  
орталығының  
төрағасы, меценат

## КҮШІМІЗ – БІРЛІКТЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясында сөйлеген сөзінде «Тасқын басталғаннан бері Қазақстан халқы ассамблеясы белсенді әрі үйлесімді жұмыс істеп жатыр. Оған бүкіл ел куә. Жұртқа жан-жақты көмек беру үшін дереу ассамблеяның республикалық және аймақтық штабтары құрылды. «Жүректен-жүрекке» деген ауқымды акция жүргізіліп жатыр. Апат аймақтарына 1500 тоннадан астам азық-түлік және ең қажетті тауарлар жолданды. Оның жалпы сомасы шамамен 770 миллион теңге болды. Су тасқынымен күреске этномәдени бірлестіктердің 12 мыңға жуық өкілі қосылды. Олар қайырымдылық және гуманитарлық көмек жинауға жұмылды. Сондай-ақ жұртты қатерден хабардар етуге және қауіпсіз жерге көшіруге атсалысты. Мұның бәрі – өзара жанашыр және тілеулес болудың айқын көрінісі» деп атап өтті.

**Р**асында, халқымыздың басына ауыр сынақ түсті. Еліміздің жартысына жуық аумағын тасқын су басып қалды. Халықтың тұтастығы, мызғымас бірлігі сын сағатта сыналды. Президент осы жиында: «Құтқарушылар, волонтерлер, мемлекеттік қызметшілер, сарбаздар, тәртіп сақшылары, қоғам белсенділері, бизнес өкілдері және жастар – бәрі бірге жүр. Ортақ істен ешкім шет қалған жоқ. Бүкіл аймақта қоғамның барлық өкілі бір кісідей жұмылды. Отандастарымыз зардап шеккен жандарға жаппай қол ұшын созды. Бір-біріне шынайы жанашыр болды. Мен қарғын сумен күресуге зор үлес қосқан нағыз отаншыл азаматтарға шексіз ризамын. Біз сын сағатта жұрт болып жұмылдық. Үкімет, мемлекеттік органдар, құзырлы мекемелер және еріктілер бірлесіп жұмыс істеді. Соның арқасында 119 мыңнан астам адам дер кезінде қауіпсіз жерге көшірілді. Оның 45 мыңға жуығы – балалар. Ең бастысы, біз адам өмірін барынша сақтап қалдық» деді.

Өңірлерде су тасқыны басталысымен-ақ біз, ассамблея мүшелері, алдыңғы шепте жүрдік. Гуманитарлық көмек көрсету үшін республикалық және өңірлік штабтар құрылып, тәулік бойы жұмыс жүріп жатыр. Республикалық штабтың жетекшісі ретінде су басқан барлық өңірге бірнеше рет барып, тұрғындармен жүзбе-жүз кездесіп, тілдесіп, не керек екенін нақтыладық. Штаб өкілдерімен бірге зардап шеккен азаматтар мен құтқарушыларды ыстық тамақпен, киім-кешекпен, төсек-орындармен және басқа да қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіп келеміз.

Мемлекет басшысы осыдан бір жыл бұрын Қазақстан халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары ретінде маған



сенім артып, осы қызметке тағайындалған кезден бастап еліміздің бірқатар өңірін, атап айтқанда, Түркістан, Жамбыл, Алматы, Қарағанды, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Солтүстік Қазақстан, Атырау облыстары, Шымкент және Алматы қалалары, сондай-ақ аталған өңірлердегі аудан орталықтары мен ауылдарды аралап шықтық. Өңірлердегі халықпен бетпе-бет кездесіп, жергілікті маңызды мәселелерді талқыладық. Кездесулер кезінде Мемлекет басшының бастамалары мен тапсырмаларының орындалуы туралы түсіндіру жұмысын, ортақ диалог жүргіздік. Жалпы алғанда, өңірлерде, әсіресе этностар көп шоғырланған аудандарда жағдай тұрақты әрі барлығы

тату-тәтті күн кешіп жатқанына көз жеткіздік. Бұл дегеніміз, әрине, ең алдымен, мемлекеттік саясат дұрыс бағытта жүріп жатыр дегенді білдіреді.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, бүгінде ассамблея меценаттары зардап шеккен елді мекендерді қалпына келтіру жұмысына кірісіп кетті. Қазірдің өзінде Батыс Қазақстан облысына 14 вагон цемент жөнелтілді және 5 жаңа үй тұрғызып беру жұмысы басталды. Әрине, мемлекет тарапынан да көмек көрсетіліп жатыр. Ең бастысы – өңірлердегі халқымыздың ұйымшылдығы мен ауызбіршілігі. Азаматтардың туған жерге деген шексіз сүйіспеншілігі олардың апатпен күндіз-түні тынымсыз күресуінен анық

байқалады. Бұл – ешқашан сарқылмайтын күш. Су тасқынынан зардап шеккен бірде-бір азамат мемлекеттің көмегінен тыс қалмайтыны анық. Оларға үймен бірге әлеуметтік нысандарды салу мәселесі де тұр. Бұл – өте ауқымды жұмыс.


Ассамблея және қайырымдылық – егіз ұғым. Қайырымдылық – біздің бірлігімізді бекемдейтін іс. Былтырдың өзінде біз бір ғана «Мектепке жол» акциясы кезінде 7 мыңға жуық оқушыға қолдау көрсеттік. Мемлекет әрдайым кәсіпкерлікті жан-жақты қолдап келеді. Президентіміз құрылтайда елге жанашыр барша іскер азаматты қоғамға пайдалы әлеуметтік жобаларға көбірек мән беруге шақырды. Мұны біз, Қазақстан халқы

ассамблеясының мүшелері, өңірлердегі елді мекендерде іске асырып келеміз. Мәселен, былтыр Ақмола облысына қарасты Қабанбай батыр ауылы және Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласына республикалық тәжік этномәдени орталығының меценаты, Қазақстан халқы ассамблеясының мүшесі Мансұр Мазбутұлы 17 мыңнан астам халықтың мұң-мұқтажын өз көзімен көріп, қоқыс полигонына айналған жерді ұтымды пайдалану мақсатында жоба құны 8 млн болатын балаларға арналған спорт алаңын салып берді. Сондай-ақ біздің меценаттар Түркістан облысында спорт кешенін және қазақ тілінде үш бірдей балабақшаны пайдалануға берді.

Биылғы Алғыс айту күні жарияланған республикалық «Қайырымдылық керуені» акциясы аясында қолдауды қажет ететін қуықтай ғана бір бөлмеде 8 баласымен және асыраушысы жоқ 5 баласы бар екі отбасына қолымда бар мүмкіндікті пайдалана отырып, елорда төрінен өз атыман 2 жаңа пәтердің кілтін табыстадым. Осы акцияны әрі қарай белгілі меценатымыз, «Cotton мақта» серіктестігінің директоры Абдухашим Боев қасиетті Рамазан айында Мақтаарал ауданындағы пәтер жалдап жүрген көпбалалы екі отбасын баспанамен қамтамасыз етіп, 200 отбасыға азық-түлік таратып шықты. Әрине, осындай игі істерге көптеген этнос өкілдері белсене атсалысып жатыр. Өйткені Қазақстан – баршамыздың ортақ Отанымыз. Отанымыздың одан әрі дамуына, әсіресе өңірлердегі елді мекендердің өсіп-өркендеуіне қолдан келгенше атқаратын жұмыстарымыздың аясын кеңейте береміз. Халқымыздың «Ырыс алды – ынтымақ» деген қанатты сөзінде үлкен мән бар. Достық пен татулықтың темірқазығындай болған ел бірлігі – ең басты құндылығымыз, баға жетпес байлығымыз. Осылайша еліміздің ауызбіршілігі артып, әл-ауқаты жақсарса, өзгелермен тереземіз тең, кереміз кең ел ретінде одан әрі дами беретініміз анық. Одан бөлек, менің Қазақстандағы этностарға үндеуім – осы елде тусаныз да, келіп тұрсаңыз да, мемлекеттік тілді құрметтеу азаматтық парызыңыз екенін ұмытпағаныңыз абзал.

Мемлекет басшысы мені Қазақстан халқы ассамблеясына орынбасар етіп тағайындағанына ризашылдығымды білдіремін. Бұл маған жүктелген зор жауапкершілік екенін түсінемін. Себебі еліміздегі көптеген ұлыс пен этностың өзара татулығы мен достығын, мемлекетіміздің тұтастығын сақтаудағы саясатына атсалысу – маңызды іс. Еліміз бен жеріміз үшін ерқашан адал болып, халқымызға қызмет етуге қашанда дайынмын. Биылғы «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты сессия тақырыбының өзі тәуелсіз мемлекетіміздің тұтастығы мен бірлігі үшін барша қауымды мемлекеттік саясатты қолдап, Қазақстан деген әлем танып келе жатқан егемен елдің дамуына жан-жақты атсалысуда.

Біз, ассамблея меценаттары мен елге жанашыр азаматтар, бұл жұмыстарды одан әрі жалғастыра береміз. Бірлігіміз бекем, еңбегіміз жемісті болсын!





№51-52 (4640) 30/04/2024 Сейсенбі



## «ВЕЛОМАУСЫМДА» – ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР

Елордада Velotop Astana велосипедшілер қауымдастығының бастамасымен «Веломаусым-2024» маусымының ашылуы өтті.

Маусымның ашылуына велосипедші жастармен бірге қала зейнеткерлері де атсалысып, Орталық саябаққа жиналды. Велосипед тебуге ниет білдірген аға буын өкілдеріне Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының Байқоңыр ауданындағы нұсқаушы-волонтертері Сергей Зимин жетекшілік етті. Іс-шараға қатысушылар қала көшелеріндегі арнайы белгіленген вело-

лақтар арқылы Орталық саябақ пен Жетісу саябағының аралығын жүріп өтті.

«Бүгін маусымның ашылуына 25 зейнеткер келді. Біздің орталық велосипедшілер қауымдастығымен тығыз байланыста жұмыс істейді. Қауымдастықтың жетекшісі Юрий Безбородовый жыл сайын зейнеткерлерімізді маусымның ашылу, жабылу салтана-

тына, таңғы серуенге шақырып тұрады. Биыл үшінші жыл қатарынан қатысып тұрмыз. Арамыздағы ең жасы үлкен велосипедшіміз – 73 жастағы Керімбай Котырев есімді ақсақал» деп атап өтті Байқоңыр ауданы бойынша Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының басшысы Роза Байсалбаева.

Веломаусымның ашылуына 60-тан астам велосипедші қатысып, олар жалпы 25 шақырымдық жолды жүріп өтті.

**Меруерт ҚАЙЫРТАСҚЫЗЫ,**  
**Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының бөлім басшысы**

## «ТАТУЛЫҚ – ТЫНЫШТЫҚТЫҢ ТІРЕГІ»



Астана қаласы әкімдігінің Сервис және туризм колледжінде 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған «Татулық – тыныштықтың тірегі» ұлттар фестивалі өтті. Іс-шара студенттерді елін, жерін сүюге, бірлік пен ынтымақтастыққа баулуға, өзге ұлт өкілдеріне құрметпен қарауға, ұлттық құндылықтарымызды мақтан етуге тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылды. Жиынға Астана қалалық Білім басқармасы мен Корей мәдени орталығының өкілдері, әлеуметтік серіктестер қатысты.

**Райхан РАХМЕТОВА**

Аталған оқу орнының бір ерекшелігі – мұнда 29 ұлттың өкілінен студенттер білім алып жатқандығы. Фестиваль барысында сол студенттер бірнеше ұлт өкілдеріне бөлініп, бірінші бөлімінде олардың тыныс-тіршілігі, мәдениетімен, өнерімен таныстырды. Екінші бөлімінде ұлттық тағамдар

жәрмеңкесін ұйымдастырды. Салтанатты жиында Астана қалалық Білім басқармасының кәсіптік және техникалық білім бөлімінің басшысы Ақмарал Рахметоллақызы мен колледж директоры Салтанат Басығараева сөз сөйлеп, жастарды мерекемен құттықтады.

– Студенттер Қазақстанды көбірек мекендеген 13 ұлт өкілінің киімін киіп, тағамдарын дайындады және

солардың өнерін көрсетті. Жалпы колледжде 1546 бала тамақтандыруды ұйымдастыру, туризм, қонақүй шаруашылығы бизнесі, автомобиль көліктеріне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану мамандықтары бойынша тегін оқиды. Солардың ішінде 29 ұлттың өкілдері бар. Олардың қатарында өте сирек кездесетін табасаран, ноғай, грек, күрт, румын, чуваш, лезгин сияқты ұлттар кездеседі. Осы балалардың бәріне ұлтына, дініне, тіліне қарамай білім беріп, мамандар етіп тәрбиелеп жатырмыз. Мұның бәрі еліміздегі этносаралық ынтымақтастықты сақтаудағы мемлекеттік саясаттың жемісі, – дейді колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Динара Әбелдинова.

Оқу орнының студенттерінен құралған «Үкілі» би ансамблі «Шашу» ұлттық биін орындап, «Әжелер» ансамблі қазақ халық әндерінен попури айтып, шашу шашып, кештің басын бастап берді. Корей мәдени орталығының білім бөлімінің қызметкері Джи Ёң құттықтау сөзінде болашақта осы колледжпен бірлесіп жобалар жүзеге асыруға ниетті екенін жеткізді. Мерекелік фестивальде оқу орнының студенттері орыстың халық әндері, өзбектің, Кавказ халықтарының, әзербайжан, кәріс, армян, ұйғыр, грузин, түрік, қазақ елдерінің ұлттық билерін билеп, өнерімен көпшілікті тәнті етті. Соңында барлық қатысушы ұлттар өкілдері Алғыс хаттармен марапатталды.



## ШЫБЫН-ШІРКЕЙГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС БАСТАЛДЫ

Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы қолайлы ауа райы жағдайларын белгілей отырып, су айдындары мен сулы-батпақты жерлерді масалардың дернәсілдік формасының болуына тексеруді бастады. Іс-шаралар ғылыми сүйемелдеудің қатысуымен өткізіледі.

Ғылыми сүйемелдеудің мақсаты: масалардың дернәсілдік формасының дамуының барлық кезеңдерін анықтай отырып, барлық уақытта және тұрақты су айдындарын зерттеу, өсіру көздері мен олардың баспана орындарын белсенді іздеу, сондай-ақ су айдындарынан ересек формаға жаппай ұшып кетуді болдырмау үшін дезинсекциялық өңдеулерді жүргізу уақытын анықтау, бұл өз кезегінде олардың дамуының ерте сатысында күресуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, масалардың ұшу формасымен күресу үшін саябақтарда, скверлерде, тұрғын алаптарда шыбын-шіркейге қарсы іс-шаралар жүзеге асырылатын болады.

Маусым бойы іс-шаралар түнгі сағат 21.00-ден 04.00-ге дейін жүргізіледі. Іс-шара кезінде елорда тұрғындары мен қонақтарына сақтық шараларын сақтау маңызды:

\* Өңделетін жерге баруды шектеу;

\* Өңдеу кезінде терезелерді жабыңыз.

Бұл дезинсекциялық шаралар толық жойылуға емес, тітіркендіргіш жәндіктердің санын азайтуға бағытталған, өйткені олар табиғи экожүйенің ажырамас бөлігі болып саналады.

Қала аумағында дезинсекциялық жұмыстарды жүргізу үшін механикалық роторлы бүріккіштер, дезин-

секциялық машиналар, қолда бар қамыс өсімдіктері бар қол жетпейтін жерлерді өңдеуге арналған квадрокоптерлер, ал үлкен су айдындарында арнайы жабдықталған қайық пайдаланылатын болады.

Өңдеу жүргізу үшін бекітілген әдістемелік нұсқауларға сәйкес ҚР және ЕАЭО елдерінің аумағында қолдануға рұқсат етілген дезинсекциялық препараттар пайдаланылатын болады.

Сондай-ақ осы жылы су айдындарындағы дернәсілдік кезеңге қарсы дезинсекциялық іс-шаралар үшін фауна мен флора үшін зиянсыз биологиялық текті препараттар пайдаланылатынын атап өткен жөн.

Техникалық жабдықтардан басқа, ауқымды дезинсекциялық іс-шаралар үшін дезинсекциялық жұмыстарды қауіпсіз жүзеге асыру мәселелері бойынша нұсқама жүргізе отырып, дезинсекция бойынша кәсіби қызметке оқытылған 150-ден астам дезинфекциялаушы тартылды.

Ауқымды өңдеу барысында басқарушы компаниялар, ПИК, МИБ (тұрғын үй қорының нысандарына қызмет көрсететін), білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, құрылыс нысандары, базарлар, сауда үйлері және басқалар жөнінде үй-жайларын абаттандыру және құрғату және оларды дезинсекциялық өңдеу жолымен іс-шараларға қосылуы қажет.



## ТӘШЕНЕВ КӨШЕСІНЕ ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Елордадағы Жұмабек Тәшенев көшесінің жол төсеміне орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Осыған байланысты 5 мамырға дейін Республика даңғылынан Амман көшесіне дейінгі учаске ішінара жабылады. Бұл туралы Астана қаласы Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы мәлім етті.

Жөндеу жұмыстарын жүргізу кезеңінде қалалық қоғамдық көлік маршруттарының қозғалысы өзгертілетін болады. Бұл туралы «City Transportation Systems» ЖШС

ресми сайтында cts.gov.kz және Facebook пен Instagram әлеуметтік желілерінде танысуға болады.

«Елорда тұрғындары мен қонақтарынан қала жолдарындағы кептелістерді болдырмау мақсатында өз маршруттарын алдын ала жоспарлауды сұраймыз. Уақытша қолайсыздықтар үшін кешірім өтінеміз. Жол-құрылыс жұмыстарын жүргізуге түсіністікпен қарауды сұраймыз» делінген хабарламада.

## АСТАНА ӘУЕЖАЙЫНДА ШЕКТЕУ ҚОЙЫЛАДЫ

Астана халықаралық әуежайында ұшу-қону жолағын күрделі жөндеуден өткізуге байланысты 2024 жылғы 1 мамырдан бастап жөндеу жұмыстары аяқталғанға дейін жабық болады.

«Әуеайлақ жергілікті уақыт бойынша түнгі сағат 22:00-ден таңғы 6:00-ге дейін әуе кемелерін қабылдау және ұшыру үшін жабық болатынын еске саламыз. Осыған байланысты Астанадан/Астанаға орындалатын рейстер кестесінде өзгерістер болуы мүмкін. Өз рейсіңіз туралы ақпарат алу үшін авиакомпаниялар-

мен байланысуларыңызды сұраймыз» деп мәлімдеді әуежайдың баспасөз қызметі.

Сондай-ақ әуежай өкілдері орын алуы мүмкін қолайсыздықтар үшін жолаушылардан алдын ала кешірім сұрайтындығын және түсіністік танытқандары үшін алғыс білдіретіндігін жеткізді.

## ӨКПЕ ХИРУРГИЯСЫ БӨЛІМШЕСІНІҢ ӨЗЕКТІ ҚЫЗМЕТІ



Бөлімше меңгерушісі Қаржаубай Әскеровтің қарамағында 3 хирург, 11 медбике, 11 палата тазалықшылары еңбек етеді. Олар айына осындай 15-20 ота жасап, орталықтың бөлімшесінде жатып емделетін науқастардың одан әрі күтімі мен бабына да жауапты болады

Астанадағы қалалық фтизиопульмонология орталығында 1966 жылдан бері өкпе хирургия бөлімшесі пациенттерге қызмет көрсетіп келеді. Бөлімшенің басты міндетіне торакальді қызмет көрсету жатады.

Аталған орталықтың А ғимаратының 4-қабатында орналасқан бөлімшеде плевраға пункция жасау, париеталды плевраның биопсиясы бар торакоскопия, сегменттік резекциялар, торакокопиялық сегменттік резекциялар, біріктірілген резекциялар, ЭКВ, лобктомия, торакопластика, Богуш, Бьёрк әдістері бойынша оталар, фрагментация, селективті торакопластика, өкпе мен плевраның ашық биопсиясы, булла тігу; кавернопластика сияқты басқа да сан алуан ота түрлері жасалады. Аталуы қиын әрі түсініксіз, бірақ адам денсаулығы үшін өте маңызды ағза – өкпемен байланысты жасалатын ота жұмысын білікті дәрігерлер атқарады.

Бөлімше меңгерушісі Қаржаубай Әскеровтің қарамағында 3 хирург, 11 медбике, 11 палата тазалықшысы еңбек етеді. Олар айына 15-20 ота жасап, орталықтың бөлімшесінде жатып емделетін науқастардың одан әрі күтімі мен бабына да жауапты болады.

– Былтыр бөлімшеде кеуде қуысына 234 ота жасалды. Бұл – ота түрлерінің ішінде ең көбі. Қандай ауыр түрі болмасын оталарды ойдағыдай

жасауға мамандардың білімі мен тәжірибесі жетеді. Өзіміздің бұл салада жүргеніміз 28 жылдан асты. Ал хирург мамандарының еңбек өтілі 8-13 жылды құрайды. Бәрі де – жоғары және бірінші санаттағы маман дәрігерлер. Бөлімшеміз заманауи медициналық құрал-жабдықтармен толығымен қамтамасыз етілген. Мамандар да жеткілікті, олар үнемі білік-

тілігін артырып отырады, – дейді бөлімше меңгерушісі.

Орталықтың хирургия бөлімшесіне тек елордалық ғана емес, өзге өңірлерден де науқастар келіп, ота жасатады. Мәселен, көбіне Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстары, сонымен қатар Қазақстанның басқа да өңірлерінен келіп жатады.

Бөлімшеде 18 жастан жоғары

науқастарға қызмет көрсетіледі. Жалпы бөлімшенің басты ерекшелігі – өкпедегі барлық өзгерістерге қатысты оталарды жасау, яғни жоғарыда айтылғандай, бірнеше түрлі оталарды жасау сонымен қатар операциялық материалды бірден бактериологиялық, гистологиялық тексерулерге жіберіп, диагнозды аз уақыт ішінде анықтау және емді дер кезінде бастауға қол жеткізу. Бұл тек өкпе хирургия бөлімінің жұмысы, орталықта одан бөлек, өкпеден тыс хирургиялық бөлімше де бар.



Қазақстанда туып, өмір сүріп, мемлекеттік тілді білмеу – сол елге құрмет көрсетпеу. Астанадағы №9 емханада гинеколог болып еңбек ететін украин ұлтының өкілі Ксения Гурина осылай деп санайды. Өзі Арқалықта дүниеге келген ол бала кезден қазақ тілін жетік біліп өскен. Соның арқасында ол қазір кез келген науқасқа екі тілде де қызмет көрсете береді.

## ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТЕТІН ДӘРІГЕР



29 жастағы жас дәрігер қазақша анық, қатесіз сөйлейді. Осы ретте ол ауылында қазақ тілінен сабақ берген Айзада апайына талапшылдығы үшін алғыс білдіреді. Қазір алдына келген кейбір әйелдер ойын орысша жеткізе алмай жатса, мемлекеттік тілде сөйлесіп кетеді.

– Қазақша тіл білуім орташа деңгейде. Көп адамдарды әрине, таңғалдырады. Бірақ оған таңғалатын ештеңесі жоқ деп санаймын. Себебі Қазақстанда туып, өскен соң мемлекеттік тілді білу – әрбір азаматтың міндеті. Сөйлегенде қатем болса, айтуын сұраймын айналамын. Үйренуден еш қымсынбаймын. 2013 жылдан бері Астанадамын. Сол жылы медицина университетіне оқуға түсіп, 2020 жылы бітірдім. Мектепте биология, химия пәндерін жақсы көретінмін және дәрігер болуды армандадым. Сол арманымға қол жеткізіп, елордада №2 емханада еңбек жолымды бастадым. 2022

жылдан бастап осы емханадамын. Жұмысым өзіме ұнайды. Менде тіркеуде 160-тан аса жүкті әйел бар. Бір күнде орташа есеппен 25-30 әйел, кейде 40 адамға дейін қаралуға келеді, – дейді гинеколог дәрігері.

Жыл сайын адамдар дәрігерлердің шақыртуымен емханаларда скринингтерден өтеді. Медицина қарыштап дамып, бір орнында тұрмайды. «Болашақта көптеген ауруларды жеңеміз! Халқымыздың салауатты, дені сау болуы үшін денсаулық сақтау саласымен бірге адамдардың өзінің де ой-санасы дамып, өз денсаулығына жауапты болу деңгейі де артуы керек. Атап айтқанда, дұрыс тамақтану, спортпен айналысу университетіне оқуға түсіп, 2020 жылы бітірдім. Мектепте биология, химия пәндерін жақсы көретінмін және дәрігер болуды армандадым. Сол арманымға қол жеткізіп, елордада №2 емханада еңбек жолымды бастадым. 2022

Бетті дайындаған Райхан РАХМЕТОВА

## ЖҮКТІ ӘЙЕЛДІ ЖАН-ЖАҚТЫ ТЕКСЕРЕДІ

Биыл елордада «Бір күндік клиника» жобасы №2 көпбейінді қалалық ауруханасындағы Ұрықты қорғау орталығында ашылған еді.

«Бір күндік клиника» жобасының негізгі мақсаты – жүктіліктің бірінші триместріндегі туа біткен ұрықтың дамуындағы ақауларын және хромосомалық ауытқуларды анықтауға бағытталған пренаталдық скринингтік бағдарламалардың қолжетімділігі мен тиімділігін арттыру. Бұл жобаны іске асыру жүкті әйелдерді бір күнде қажетті тексерулерден өту мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл нәтижелерді күту уақытын қысқартуға және диагностика мен емдеу үшін қажетті шараларды жедел қабылдауға мүмкіндік береді.

– «Бір күндік клиникада» жүкті әйел тек бір ғана емес, жүктіліктің бірінші триместрінде қажетті барлық пренаталдық

скринингтерді өтетіндіктен, зерттеулерді көптеген мамандар атқарып кеңес береді. Сондықтан осында 20-дан астам қызметкерлер жұмыс істейді, – дейді Ұрықты қорғау орталығының басшысы Музар Маралхан.

«Бір күндік клиника» жобасы аясында пренаталды скринингтерден өтудің бірнеше артықшылықтары бар. Біріншіден, жүкті әйелдер қысқа мерзімде бір мекемеде жан-жақты тексеруден өтетіндіктен, уақытын үнемдейді, екіншіден, лабораторлы-диагностикалық зерттеулер мен мамандардың кеңесіне қабылдауға жазылу уақыты азайғандықтан, эмоционалды күйзеліс азаяды. Үшіншіден, басқа мекемелерге медициналық көмекке жүгіну қажеті болмағандықтан, жолға,

яғни автокөлікке жұмсалатын қосымша материалдық шығындарды болдырмайды. Төртіншіден, жүкті әйел пренаталды тексеруден өткеннен кейін бірден жоғары білікті мамандарға барады, олар нәрестенің денсаулығы жайлы толық ақпаратпен қоса, ұсыныстарын береді. Бесіншіден, заманауи диагностикалық жабдықтар (УДЗ, микроскоптар, анализаторлар) бар. Жетіншіден, нәтижені күтетін қысқа мерзімде жүкті әйелдерге тегін тамақ ішу мүмкіндігі қарастырылған.

Ұрықты қорғау орталығының басшысы Музар Маралханның айтуынша, клиника мамандары ұрықта болуы мүмкін барлық туа біткен ақаулары мен хромосомалық патологияларын анықтайды. Ұрықтың

анатомиясын егжей-тегжейлі бағалауға арналған заманауи бағдарламалары бар сарапшы класындағы ультрадыбыстық аппараттар, биохимиялық скрининг және генетикалық патология қаупін анықтауға арналған 2024 жылдың жаңа

анализаторы, кариотиптеу жасауға арналған бірегей бағдарламасы бар сарапшы кластағы электрондық микроскоптармен жабдықталған. Мұндай клиника ашу жүкті әйелдерге көрсетілетін медициналық көмектің сапасын, тиімділігін, қол-

жетімділігін арттыра отырып, ұрықтың туа біткен ақаулары мен хромосомалық патологияларын жүктіліктің ерте кезеңінде анықтауға және осы ақаулардан бала өлімі мен мүгедектіктің алдын алуға мүмкіндік береді.





# ЖЕЛАЯҚТАР ЖЕЛМЕН ЖАРЫСТЫ

Елордадағы EXPO кешені маңынан басталған «Бірлік жүгірісі» Қазақстан халқының Бірлігі күніне арналды.

Көктемнің басты сайысының бірі – «Бірлік жүгірісі» таңғы сағат 7:00-де басталғанына қарамастан, 2000-ға жуық адам қатысты. Олардың арасында Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, Қазақстан халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары Марат Әзілханов, Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит те болды.

Бұл марафонның ерекшелігі – бір уақытта елдің 15 өңірінен 15 мыңға жуық спортшы жүгіріп, барлығы бір мақсатқа біріге алатынын көрсетті.

– Былтырғы жарыста 500 метр, 2,5 және 5

шақырымды құрап, 250-дей ғана спортшы қатысқан еді. Биыл 10, 21 шақырым қашықтықты қамтып, қатысушылардың саны 6-7 есеге көбейді. Ересектерден бөлек, 6-17 жастағы жасөспірімдер мен жастар 1 шақырымға жүгірді. Біз мұнымен тоқтап қалмай, 42,1 шақырым қашықтықты енгізсек дейміз, – деді Астана қаласы триатлон федерациясының президенті Евгений Большерт.

Бұл жарыс – шаһардағы басты мереке. Өйткені көктем басталғалы әуесқой желаяқтар 3, 5 шақырым қашықтыққа жүгіріп келсе, бұл жолы 10, 21 шақырымға жүгіруге мүмкіндік алды.



– Ата-анам жеңіл атлетикамен кәсіби түрде айналысады. Олардың дағды-дәстүрін жалғап, жарысқа қатарластарыммен сайысқа түстім. Жеңімпаз болу маңызды емес. Бастысы, қатысып, тәжірибемді шыңдап, достар табу, – дейді 9 жастағы Маркус атты жас қатысушы.



жарысқа қатысып, 5 шақырымға жүгірдім. Алғашында қорқыныш болды. Мәреге жете алмай, ұят бола ма деп ойладым. Алайда 35 минутқа жеткізбей,

қашықтықты бағындырдым. Енді 10, 21 шақырымға жүгіруді жоспарлап жүрмін. «Таза Қазақстан» акциясында» айналадағы қоқыстарды да жинауға

өз үлесімді қостым. Ерте тұрғанның нәтижесінде қоғамға да пайдалы, – деді жарысқа қатысқан Өркен атты астаналық жасөспірім.



# ЖҮСІПБЕК САЛҒАН ӘНДЕР ӘУЕЛЕДІ

Еркеғали Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармонияның «Халық әні» бөлімі Қаз КСР Халық әртісі, Қаз КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Жүсіпбек Елебековтің 120 жылдығына арналған «Ән еркесі» концертін ұсынды.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Қазақ ән өнерінің өрлеуіне, соның ішінде халық әндері мен халық компози-

торлары әндерінің сақталып, заманнан заманға жетуіне Жүсіпбек Елебековтің қосқан үлесі ұшантеңіз. Ән әліппесін әкесінің

інісі Жақыпбек Балғабайұлынан үйреніп, кейіннен Әміре Қашаубаев, Ғаббас Айтбаев, Қали Байжанов салған әндерді тыңдап, өнерін шыңдады. Бозбала шағында Семейдегі «Ес-Аймақ» үйірмесінде ән салып, осы труппаның концерттері мен спектакльдеріне қатысудан өнер жолын бастаған әнші Қазақ мемлекеттік драма театрында, Қазақ мемлекеттік филармониясында, «Қазақконцерт» бірлестігінде қызмет істеді. Абай атындағы опера және балет театрының «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» спектакльдерінде опералық партияларды орындады. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары концерттік брига-

даның құрамында майдан даласын аралап, жауынгерлердің рухын көтерді. 1967 жылдан 10 жылдай қазір колледжге айналып, өзінің атымен аталатын эстрада-цирк студиясында шәкірт тәрбиеледі. Мәдениет Ешекеев, Жәнібек Кәрменов, Қайрат Байбосынов, Кенжеғалы Тәшкенов, Мұратбек Жүнісбеков, Санақ Әбеуов, Тұрсынғазы Рахимов, Келденбай Өлмесекөв, Жұмабек Қамбаров, Амангелді Жікенов, Ғалым Мұхамеддин – бұл Жүсіпбек Елебековтің бір топ шәкірттері, ұстаз ісін жалғастырушылар. Жүсіпбек Елебеков қазақ әндерінің ішіндегі талай жауһар туындыларды шәкірттеріне үйретіп, ән көші заманнан заманға жетіп отыр. Жүсіпбек Елебеков «Ес-Аймақта» ұлы Абайдың аузынан әндерін алып қалған Әлмағамбет әнші-

ден Абай әндерін үйренді. Репертуарында халық әндері, Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Мәди Бәпиұлы, Естай Беркімбайұлы, Жаяу Мұса, Иманжүсіп Құтпаңұлы, басқа да халық композиторларының әндері болды. Концертте сол әндердің біразын көрермендер Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлмира Сарина, Мәдениет саласының үздіктері Нұрай Танабаев, Берік Омаров, Тельман Нұрқенов, Данияр Мұқан, Әйгерім Нартүйе, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары Өзгеріс Шерікбай, Жақсыкелді Маясаров, Нұржан Мейірман, Рахат Бегасылов, Алуа Қалымбекова, Айдос Оңғарбай сынды әншілердің орындауында тыңдады. Концерт барысында «Қорқыт» этноансамблі өнер көрсетті.

**Ақын, мемлекет қайраткері, жазушы-драматург, сазгер Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдық мерейтойы мен 31 мамыр Саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды еске алу күніне арналған «Күй құдіреті» атты қалалық күйшілер байқауы өтеді.**

КҮЙШІЛЕР БАЙҚАУЫНЫҢ ӨТКІЗІЛУ ШАРТТАРЫ

1. Сайыстың ұйымдастырушысы: Астана қаласы әкімдігінің «Бірлескен мұражайлар дирекциясы» МКҚК, Сәкен Сейфуллин мұражайы құрылымдық бөлімшесі.
  2. Қалалық күйшілер байқауы сазгер, мемлекет қайраткері, қазақ музыкасының жанашыры Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдық мерейтойына арналады.
  3. Қалалық күйшілер байқауы 2024 жылдың мамыр айының 31 күні (сағ.11:00-де) Астана қаласы, Сәкен Сейфуллин музейінде өтеді.
  4. Сайысқа 16-40 жас аралығындағы Астана тұрғындары қатыса алады.
  5. Сайысқа қатысушыларды тіркеу 31 мамыр күні музей ғимаратында сағ.9:00-де басталады.
  6. Сайыс бір кезеңнен тұрады. Үміткер сайыста бүгінгі күні ұмыт бола бастаған күйшілер шығармасын орындауға міндетті.
  7. Қазылар алқасының құрамы ұйымдастырушы мекеменің келісімімен тағайындалады. Олардың қабылдаған шешімі түпкілікті және ол талқыланды.
  8. Қазылар алқасы белгіленген жүлделі орындарды үміткерлер арасында бөлуге құқылы (бас жүлдені қоспағанда).
  9. Қазылар алқасы сайыс барысында үміткердің күй орындау шеберлігіне қарай күйді тоқтатуға құқылы.
  10. Күйшілерге демеуші боламын деушілерге шектеу қойылмайды. Кез келген демеуші ұйымдастыру комитетінің келісімімен арнайы сыйлық тағайындай алады.
- Байланыс телефондары: +77779974492  
Тоқтарбаева Алуа Бөкенбайқызы  
+77089489778 Шағиев Қайрат Әлібекұлы  
Қабылдау бөлмесі: +7(7172) 99-80-42  
E-mail: seifullin\_museum@mail.ru

Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары! «Столичная дезинфекция» ЖШС Астана қаласындағы ірі, таяз, уақытша су айдындары мен ашық станцияларда 1-турдың шыбын-шіркейлерді жою жұмыстарының басталғаны туралы хабарлайды. тел.: +7 707 300 5030

Газетіміздің келесі саны 2024 жылдың 4 мамыр күні шығады.

# АЛТЫН АЛТАЙ – ӘУЕНІ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның «Сарыарқа» халық музыка ансамблінің әртісі, Мәдениет саласының үздігі Шығыс Маханның «Алтын Алтай – әуенім» атты шығармашылық кеші өтті.

Кеш иесі Қытайдың Үрімжі қаласындағы «Көркем өнер» колледжінде оқыды. Ұлттық фольклорды насихаттайтын бағдарлама аясында оның орындауындағы «Жылып өткен дүние», «Жылқысын жау айдаған жалғыз жігіт», «Ертіс толқыны», «Тәттім сылқым», «Сары бел», «Ботасын аңсаған боз інген», т.б. сыбызғы күйлері «Қазақ» радиосының «Алтын қорына» енді.

Шығыс Маханның ұлт аспаптар ансамбльдеріне жеке сыбызғыға және панфлейтеге арналған әндер, күйлері бар. Атап айтқанда, «Аңсау», «Ақ тулы Қожаберген батыр», «Аллажар», «Аққу арман», «Алтай асу», «Астана түні», «Үкілі қыз», «Ауылға сағыныш», «Сары бел», «Қайтқан жаз», «О, Муза!», «Тау сағындым», «Сол дәурен», «Ақ тілек», «Сағынғанда Өр Алтай», «Қайран жастық», «Көк-



темді аңсау», «Асыл еркем», «Өмір-ай, өмір!», «Асау Қыран – Сарысүмбе!» болып жалғаса береді. Концерт Қожаберген батыр Жәнібекұлының рухына арналды. Кеште

Шығыс Маханның «Қожаберген батыр» атты әні орындалды. Кешке филармонияның эстрадалық, классикалық вокал және халық әні бөлімінің әншілері, «Шалқыма» ха-

лық би ансамблі, «Алем» заманауи би балеті және шақырылған қонақтар Нұржан Жанпейісов, Құрманбек Әлімғазыұлы, Ерлан Рысқали, Сәкен Әлімхан қатысты.



## 50 СУБҰРҚАҚ СИМФОНИЯСЫ

1 мамырдан бастап қаладағы барлық фонтандар таңғы сағат 10:00-ден түнгі 22:00-ге дейін қосулы тұрады.

Шұғылалы шуақпен жарасым тауып тұратын субұрқақтар бас қаланың сәніне сән қосады. Музыкамен мың бұрала билеп, алуан пішінде атқылайтын заманауи фонтандар сан алуан құрылғылармен жарақтандырылып, жыл өткен сайын өзгеше бола түсуде.

Бұған дейін елорданың Алматы, Байқоңыр, Есіл, Нұра және Сарыарқа аудандарының әкімдіктері субұрқақтарды қосуға дайындық жұмыстарын, атап айтсақ, қайта консервациялау және жөндеу-қалпына келтіруді, суық уақытта сыртқы әсерден қорғайтын фанерлерді жөндеп, шамдар мен сорғы жабдығын

баптау жұмыстарын жүргізді.

Мереке күні бас қалада 50-ден астам субұрқақ іске қосылады. Еңсесі биік субұрқақтардың дені Есіл және Нұра аудандарында орналасқан. Достық көшесінде орын тепкен биік фонтандардың маңы қала тұрғындары мен қонақтарының жазғы кештерде серуендейтін сүйікті мекеніне айналды десек, қателеспейміз. Сондай-ақ Астаналық цирк, Министрліктер үйі, «Арай» саябағы, Есіл өзені маңындағы субұрқақтар да көңілді көтеріп, жанды сергітеді. Мұнда барлығы 27 субұрқақ кешені бар, оған 48 субұрқақ кіреді.



📅 30/04  
🕒 11:00

«1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ» ДӘРІС

📍 «Атамекен» Қазақстан картасы»

**1 МАМЫР**  
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ



📅 01/05 🕒 11:00

«ҰЛТ БІРЛІГІ – ҰЛЫ БАЙЛЫҚ» КӨРМЕСІ

📍 «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешені

📅 02-03/05  
🕒 19:00

«АҚАН СЕРІ ТУРАЛЫ АҢЫЗ»

📍 Ә. Мәмбетов театры

📅 01-04/05  
🕒 10:00-18:00

«БІРЛІК ТҮБІ - БЕРЕКЕ» КӨРМЕ

📍 Бірлескен мұражайлар дирекциясы

📅 01/05  
🕒 18:00

«БІРЛІГІМІЗ ЖАРАСҚАН» МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТІ

📍 Қазақ концерт

📅 03/05  
🕒 19:30

«САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ»

📍 Астана филармония

**САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ**  
ТЕК ҚАНА ЖҮЛДЫЗДАР

📅 03-04/05  
🕒 12:00, 16:00, 16:30

ЕРТЕГІ «СЕМЕЙНЬ АЛЬБОМ»

📍 Қуыршақ театры